«Сыни тұрғыдан ойлау» бұл американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба. Сыни тұрғыдан ойлау – мұғалімнің бағыттауымен оқушының өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым – қатынас жасауға тәрбиелейді. Бағдарлама көптеген стратегиялардан тұрады. Сабақтың құрылымына қарай қолданған жағдайда оқушылар белсенділігі артып, бір-біріне деген сенімі, өзінің түсінігі мен түйсінуі арқылы жаңа білім құрастыруға дағдыланады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы оқушыларды топаралық жұмыс жасауға, топтардың жұмыстарын баяндауға, нәтижені қорғауға, пікірталас туғызуға, талдау және қорытындылауға үйрете отырып білім беру өте тиімді. Оқушыларды топқа бөлгенде, топтың құрамында әр түрлі деңгейде оқитын оқушылардың болғанын ескеремін. Жоғарғы деңгейде оқитын оқушылар сабақтың барысында үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсетеді. Жаңа сабақты өткенде жетекші оқушы өзі ғана біліп қоймай, тобының жаңа сабақты меңгеру іне де ықпал жасайды. Математикалық терминдерді, ережелерді, анықтамалар мен теоремаларды толық айтып жеткізу үшін, сабақта математикалық сауатты сөйлеу мәдениетіне көңіл бөлемін. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту мақсатында 5-6 сыныптарда «Өрнектер.Формулалар», «Ондық бөлшек. Ондық бөлшекке амалдар қолдану», «Рационал сандарға амалдар қолдану», «Жай бөлшектерді салыстыру», «ондық бөлшектерді көбейту» және «Квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру» деген тақырыптарда ашық сабақтар өткіздім.

Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасымен оқыту нәтижесінде оқушы- лардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері артады. Аталған технологияны қолдануда байқағаным оқушыларға: еркін ойлауға мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады, шығармашылық белсенділігі артады, ұжымды іс–әрекетке тәрбиелейді, тіл байлығы жетіледі, жан-жақты ізденеді, өз ойын жеткізіп үйренеді. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылық -тардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағды ланады, пәнге қызығушылығы артады.

«Сыни ойлау» арқылы оқытудың басты мақсаты «өмір бойы оқып-үйрену» қағидасымен ұштасады. Ал, бұл өз кезегінде Қазақстан республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырым- дамасында орын алған. Сондықтан, басқа пәндермен қатар математика пәнінде де СТО бағдарламасы арқылы жұмыс жүргізудің тиімділігі зор.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақтылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды беруде көмектесетін маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияарды дұрыс қолдану қажет.

Ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолданудың мақсаттары:

- - білім деңгейін тексеру бағытында қолдану;
- - оқытушылық мақсатта қолдану
- - компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану;
- -электронды оқулықтарды, интернетті пайдалану.

Жеке тұлға:

Мәселелерді сараптай алатын;

Жүйелі байланыс құра білетін;

Ойлауы шығармашылық түрде қалыптасқан;

Қайшылықтарды ашуға мейлінше жетілген;

Интеллектуалдық – психологиялық шешім қабылдау ммкіндігіне ықпал ететін;

интеллектуалдық-психолигялық шешім қабылдау мүмкіндігіне ықпал ететін түрлі өзгерістерді дамыта білуге қабілетті болатындығына көзім жетті.

Сабақ барысында интернетті қолдану :

- -интернет оқушыға материалды асықпай оқып білуге жағдай жасайды,
- -интернет алынған ақпаратқа талдау жасауға мүмкіндік береді,
- -интернет оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуін әдетке айналдыру қабілетін оятады, өзіндік пікірін қалыптастырады.

Интерактивті тақта - бұл мұғалімдерге жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін, көзге көрінетін ресурс.

Интерактивті тақтаның артықшылығы:

- -материалды түсінікті, қосымшалар, бейне көріністер, сабақ барысында жасалған жазуларды сақтауға, оны басып шығаруға болады;
- Түрлі тартымды ресурстарды қолданудың арқасында оқушылардың қызығушылығын арттырады;
- Ұжымдық жұмысқа араласу үшін үлкен мүмкіндіктер туғызады, жеке және әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді;
- - оқытудың түрлі стилдерін қолдануды,сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді;
- - өткен материалды қайталау үшін файлдарды сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бұл сабақтарда электрондық оқулықты пайдаланудың маңызы зор. Электрондық оқулықтар арқылы жаңа тақырыптың мазмұнын ашуға, интерактивті тапсырмаларды орындауға, тест жұмыстарын орындауға көп мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде технологиялық педагогикалық және мазмұндық білімді меңгерген қабілетті мұғалімдердің қажеттілігі туындап отыр. Әр сабақтың уақытын тиімді пайдалана отырып, оқушыларға тақырып мазмұнын визуальды тұрғыдан жақсы түсіндіріп, оқытудың сапасын арттырады деп ойлаймын. Өз тәжірибемде АКТ-ні сабақта жиі қолданамын. Өйткені мұндай сабақтарға оқушылардың қызығушылығы мен белсенділіктері жоғары болады. Математика сабағында тақырыпқа сәйкесті ғаламтор материалдарын қосымша деректер есебінде үнемі пайдаланып келемін. Ал, интербелсенді тақтамен оқушыларым күнделікті сабақта еркін жұмыстана алады.

Қорыта айтқанда, еліміздің жарқын болашағы, мектеп қабырғасындағы бүгінгі жас ұрпақтың терең білім, үлгілі тәрбие алуына байланысты. Заман талабына сай педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерді қабылдай отырып, өз пәндерімізге тиімді қазіргі заман педагогикалық технологияларын пайдалануымыз керек.

ӘОЖ 004

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ҮРДІСІ

Казбенова Д.А.
М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады. Бүгінгі таңда білім берудегі басты міндет әртүрлі әдіс – тәсілдерді, жаңа технологияларды қолдана отырып оқушының пәнге деген қызығуларын арттыру және білім сапасын жақсарту.

Елбасының жолдауында «Білім беру жүйесі реформасының орталық буыны осы заманғы білім беру үрдістерін, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу, бұл кезеңде назарды оқушылардың біліктілігін арттыруына аудару қажет» дегеніндей, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді.

Білім берудің ұлтгық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазір заман да, қоғам да өзгерген. Бүгінгі балалардың мақсатгары да, құндылыктары да, идеялары да бұрынғыдан мүлде баскаша. Өйткені олар - өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, жоғары талап қоя білетін адамдар. Олай болса, бұл коғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік - құқықтық, психологиялык - педагогикалық, дидактикалык әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпаратгық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан - жақты игерген ақпараттык құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Білім беру жүйесін акпараттандыру дегеніміз - берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттык білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Ақпараттык коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оку барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулыктарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді. Ақпараттык әдістемелік материалдар коммуникациялык байланыс құралдарын пайдалану аркылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мұғалімдерге баланы оқытуда бейне және ойын программаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Акпараттық қоғамның негізгі талабы - оқушыларға акпараттық білім негіздерін беру, логикалык - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын калыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Демек, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік - ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар мен компьютерлік коммуникацияларды белсенді қолдануда. Әсіресе қашықтан окыту жүйесі жедел карқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы - білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен камтылуы, оқу пәндерінің барлык бағыттары бойынша электрондық оқулыктар құрылуы және интернеттің дамуы мысал бола алады.

Бүгінгі танда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттык және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде колдануды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады. Осындай электрондық оқулыктарды оқытуда пайдаланудың негізгі дидактикалық мақсаты білім беру, білімді бекіту, дағды мен іскерліктер қалыптастыру, меңгеру деңгейін бақылау.

Информатика сабағында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Информатика сабақтарында ақпараттық — коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық — коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын.

Қорытынды: Электронды оқыту- компьютерлік оқыту технологиясын пайдалану оқушылардың оқу деңгейін көтеріп пәнге деген қызығушылықтарын арттырып отырды. Мұнан шығатын қорытынды: бұл әдісті тек кана информатика пәнінде емес, кез-келген пәнде еркін пайдалануға болады.

ӘОЖ 373.3

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАСАУ

Касымова А.Х., Медешова А.Б., Давлетова А.Х.
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде оқу процестерінде ақпараттық-қатынастық технологияны енгізу арқылы оқушыларда жаңадан ойлаудың түрін қалыптастыру мен олардың информатика пәніне қызығушылықтарын арттыру – бұл бастауыш мектепте білім беру жүйесін ақпараттандырылуының негізгі талабының бірі. Бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі - оқыту процесінде электрондық шолу ресурстары мен арнайы оқыту жүйелерінің қолданылуы болып табылады. Оқыту құралдары мен электрондық оқулықтар - компьютерлік оқыту жүйесініңбір формасы болып келеді. Республикамыздың даму жолында білім беруде де ақпараттандыру ісі өз әсерін тигізуде. Ақпараттық технологияның жоғары қарқынмен дамып жатқанына байланысты оқытуда электрондық оқыту атты жаңа технология қалыптасып, даму үстінде.

Электрондық оқытуды, негізгі үш бөлікке бөліп қарауға болады:

1 Презентациялық бөлім – бұл ақпараттандыру курсы бөлімі;
2 Алған білімдерді жаттығулар бойынша бекіту бөлімі;
3 Оқушы білімін тиянақтау үшін бағалау бөлімі.

Негізгі оқулықтарды, анықтамаларды, есептерді, және зертханалық жұмыстардың барлығын компьютерлік оқыту бір-бірімен байланыстырып біріктіреді.

Білім берудің әр бір саласында «Электрондық оқулықтарды» пайдаланылуы білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазіргі ақпараттық қоғамында электрондық құралдарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес [1].

Электрондық оқу құралы – білім беретін өнім, бірақта дәстүрлі оқулықтардан айырмашылығы, оқу құралын пайдаланушы компьютер көмегі арқылы ғана көре алуында. Кәдімгі оқулықтар тәрізді электрондық оқу құралы да белгілі бір талаптарға сәйкес болуы қажет. Электрондық оқу құралдары оқушыларға дайын материал болып табылады. Электрондық оқу құралын құрастыру барысында оған мәтіндік ақпараттардан қарағанда суреттер, мультимедиалық технологиялар көбірек қолданылуы керек, өйткені ол білім алу барысында ақпараттарды есте тез сақтауға көмегін тигізеді.

Қазіргі өмір ағымы жан-жақты дамып жатқанына байланысты оқушылар информатиканы жеңіл игеруде. Психологтардың айтуы бойынша, баланың логикалық ойлау қабілеті 5-11 жас аралығында қалыптасады.

Бүгінгі қоғамда баланы алдымен логикалық ойлай білуге, өзара қарым-қатынас жасауға және талдай білуге тәрбиелеу керек.

Информатика пәні мектептерде дара бағдарламамен оқытылуда, ал бастауыш мектепте дара пән болып есептеледі. Бұл әдістің негізгі мазмұны мынадай:

- математика пәнімен сабақтастығы;
- логикалық тапсырмалар мен дидактикалық ойындардың енгізілуі және мақсатты биік деңгейде шешуге үйрету.

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған [2].

Мақсатынегізінде зерттеудің келесі міндеттері анықталды:

1 Бастауыш мектептегі информатика курсы бойынша интерактивті тапсырмаладың электрондық зертханалық жұмыс жасауда дидактикалық мүмкіндіктерін ашу;
2 Электрондық зертханалық жұмыс жасаудың педагогикалық талаптарын аңықтау;
3 Электрондық зертханалық жұмыстың бастауыш мектепте информатикада қолдану және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Білім беру үдерісінің ақпараттандырылуы – бұл жаңашыл ақпараттық технологиялардың қатыстырылуы арқылы жетілдіре оқытып, жеке тұлғаға бағыт беру мақсаттары мен міндеттерін іске асыра отырып, оқу-тәрбие ісінің барлық сатыларының сапасы мен тиімділігін арттыруды көздейді.

Ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге белсенді түрде енгізіліп отыр. Білім саласы да ақпатараттық технологиялар арқасында біршама өзгеріске ұшырады. Қазіргі білім беру процессіне электрондық оқулықтар, тренажерлар, лабораториялық қосымшалар, тестілейтін және бақылайтын жүйелер, мультимедиялық оқу құралдар, интерактивті тақталар мен басқа да қосымша оқу құралдар енгізіліп жатыр [3].

Бастауыш сыныпта оқушыларды оқытуда электрондық құралдарды қолдану арқылы балалар топпен немесе жұппен жұмыс істейді. Бұл әдістің түрі оқушылардың арасында грамматикалық білімдерді бекітуге және диалог орнатуда пайдаланылады. Белгілі бір тақырыптар бойынша дарынды балаларға жобалық жұмыстар тапсыруға мүмкіндіктер туғызады.

Оқыту удерісін тиімді ұжымдастырудың бір жолы – компьютерлік технологияларды қолдану. Ал бұл педагогтың кәсіби құзіретін жетілдіруін, оқытуда заманауи құралдарды қолдануын, мұғалімнің өзін-өзі үздіксіз дамытып отыруын талап етеді.

Қай кезде де оқушылар үшін сабақтағы қабылдайтын ақпараты өте көлемді. Сондықтан сыныппен жұмыс жасау кезінде ғаламтор ресурстары мен мультимедиалық кешендерді көбірек қолдану қарастырылады. Жаңа бесбұрысқа қадам басып жатқанда тек мұғалімнің ізденісі және айтқаны кемдік қылады, заман талабына сай электрондық оқу құралдарын пайдаланған өте тиімді. Ол алынған ақпараттарды сұрыптауға ықпалын тигізіп қана қоймай, қисындық ойлау қабілетін дамытуға, шығармашылық ізденісін қалыптастыруға, ақпараттық белсенділігін арттыруға зор ықпал етеді.

Информатика пәнін оқыту барысында электрондық оқу құралын пайдалану арқылы оқушыларға:

- сабақ өту кезінде тақырыпты жақсы түсініп, меңгеруіне көмектеседі;
- тапсырманы орындау барысында оқушы ғылыми жобалау жұмыстарына тартылады.

Оқыту үдерісінде электрондық оқу құралы – жаңа ақпарат тарату технологияларын қисынды пайдалану арқылы жете білім беру, дара тұлғаның мақсаттарын бағыттай отырып, оқу-тәрбие ісінің барлық деңгейлерінде сапаны жоғарылату мен тиімділікті көздейді.Білім алушының танымдық жұмысы тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарын жылдамырақ орындау тиімділігі артады, оқу материалдарының оқушыларға мүмкіндігінше толық және дәл ақпарат беруі арқылы оқытудың сапасын және білім беру көрнекілігі артып, оқу материалдарын тиянақты игеруге жеткізеді, ағарту процесін жоғары дәрежеге көтеріп, есте сақтау қабілеттерін дамытуға, уақыттан неғұрлым ұтуға қол жеткізеді. Оқушы мен мұғалімнің еңбегін жеңілдетіп, есте сақтауын, қайталау, ассоциялау арқылы оқу материалын терең игерулеріне көмегін тигізеді, компьютермен қашықтықтан оқыту мүмкіндігі туындап, пікір алмасып, қарым қатыныс байланыстары артады.

XXI ғасыр білім беру ісін дамытудың стратегиясы білім берудің ашық ақпараттық кеңістігіндегі ұшқыр ақпараттық-қатынастықтың өзара қатынасының негізінде орындалып отыр. Білім берудің жаңа парадигмасына өтудің тұтқасы оқытудың тиімді жолын арттыру мен баршаға сапалы білім беруді қамтамасыз ететін педагогикалық және ақпарқатынастық техологияларды байланыстыру тұрғысында электрондық оқыту болып есептеледі. 2011-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы оқытуды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында басым бағыты электрондық оқыту деп мойындалған. Бастауыш мектеп мұғалімдері үшін де жүйе өте тиімді.

Электрондық оқыту:

- білім берудегі мәні ұшқыр мазмұнды;
- іс-әрекеттердің интерактивті тәсілдері мен оқушылардың білім алу нәтижелерін тұлғалық есепке алу негізіндегі ақпараттық білім орта жағдайындағы білімділік процессінің өзара интерактивті қашықтық әрекетестігін құратын;
- педагогикалық және ақпараттық-қатынастық технология негізінде білім беруді іске асыратын оқытудың бір түрі.

Электрондық оқу құралы:

- ақпараттық-қатынастық технологиялар кірігу негізінде педагогикалық, оқу-танымдық жұмыстардың заңдылықтарын ескеретін;
- білім берушілік процесінде субъектілердің қашықтықтық әрекеттестігінің автоматтандырылған әрекеттерін қамтамасыз ететін бағдарламалық қолданбалы өнім.

Оқушыларға электрондық оқу құралдары – білімдерін өздігінен толықтыруға және сабақтар мен емтихандарға даярлануға мүмкіндік беретін мәлімет көзі болып табылады. Оқушылар берілген тапсырманы электрондық құралы бойынша қызыға орындайды.

«Білім туралы» заңда білім беру жүйесінің басты міндеті «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін жағдайлар жасау» делінген. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында оқу бітіруші түлектердің біліміне қойылатын талаптардың ішінде былай делінген:

- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызмет саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;
- өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне пәнаралық жобаларымен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу [4].

Бастауыш мектепте информатика пәнін оқыту барысында электрондық зертханалық жұмыстарды даярлаудың маңызы өте зор. Себебі зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру, оны сабақ барысында қолдана білу – қазіргі заман талабына сай болуы қажет.

Зертханалық жұмыстар - оқушылардың жаңа тақырыпты тиянақты түсінуіне, меңгеруіне, сонымен қатар оқу материалының белгілі бір бөліктерін сабақтастыру қызметін жүзеге асырады.

Зертханалық жұмыстардың ерекшеліктері ол компьютерді тәжірибе ретінде ғана пайдалануға жол ашып қана қоймай, есептік және табиғи тәжірибелерді байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқушыларға зертханалық жұмысты қызықты, әрі тиімді өткізу үшін, сонымен бірге зертханалық жұмыстарды орындау барысында теориялық және практикалық қолданысы жағынан мамандырылған ақпарат жүйелерін (есептуіш техникаларын) пайдалану негізгі мәселелердің бірі болып саналады. Оқушы бағдарламаны жеңіл игере отырып, жұмыста қолдану тиімділігі артады. Зертханалық жұмысқа қажетті дидактикалық материалдар бағдарламаның негізгі мәзір тақталарынан алынады. Ал қолданбалы бағдарламада компьютер құрылғыларын жинастыру, оның жұмыс істеу тәртібін қалыптастыру, элементтердің параметрлерін әр түрлі шарттарға сай орналастыру, графикалық нәтижелерін бейнелеу жолдары қарастырылған.

Оқу процесінде қолданылатын электрондық зертханалық жұмыстың тапсырмаларын жасау – көп еңбекті және компьютерлік технология аймағындағы қажетті білімді талап ететін

процесс болып табылады, сондықтан, оны жасаудың бірнеше кезеңдері анықталады.Сурет 1-теэлектрондық зертханалық жұмыстарды жасау кезеңдері келтірілген.



Сурет 1. Электрондық зертханалық жұмыстарды жасау кезеңдері.

Бастауыш мектепте информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралын жасаудың мақсаты – оқушыларға информатика пәнінің ерекшеліктерін меңгерте отырып, сабақ өту барысында жаңа технологияларды қолдану.

Электрондық оқу құралы дегеніміз – мультимедиялық құрал, құралдың құрылымы өте сапалы және жаңа деңгейде болуы тиіс. Бұл оқу құралы 2 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырылып жасалған. Оқу құралы оқушының уақытын үнемдей отырып, оқушының өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге және интерактивті тапсырмаларды орындауға, ойын арқылы оқушының логикалық ойлауын дамытуға зор ықпал етеді.

Электрондық оқу құралын жасауда құралды әдістемелік қамтамасыз етуді жобалау маңызды рөл атқарады. Оқу құралымен оқытудың барлық кезеңдерін автоматтандыру дегеніміз – оқу материалдарының мазмұнын бақылауға және қорытынды бағалауға мүмкіндік беру. Соның арқасында барлық міндетті оқулық материалдары жарқын, оқушыға қызықты, ақылдың үлесімен ойындық жүріске, яғни кең қолданысқа ие мультимедиалық түрін графиктерге, соның ішінде интерактивті және дауыс арқылы ауыстырылады.

Электрондық оқу құралында тек мәтіндік суреттерге, анықтамаларға ғана мән бермей, оның негізгі принциптеріне аса мән берген жөн.

Бастауыш мектепте информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралына келсек, негізгі беттің сол жағында

- «Аңдатпа»;
- «Пайдаланушығанұсқаулық»;
- «Әдебиеттертізімі»;
- «Автор ұжымы» туралы мәліметтер батырмалары бар.

Сурет 2-ші 2 сыныпқаарналған электрондық оқу құралы бейнеленген.

Сурет 2. 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралының көрінісі

Негізгі беттің ортасында «Негізгі мәзірге» кіретін батырма орналасқан. Сол батырма арқылы «Негізгі мәзірге» кіруге болады. Сурет 3-ші «Негізгі мәзір» көрінісі бейнеленген.

«Негізгі мәзірде» төмендегідей батырмалар орналасқан:

- «Дидактикалық материалдар»;
- «Бейнероликтер»;
- «Интерактивті тапсырмалар»;
- «Сергітусәті»;
- «Ойындар»;
- Тест.
-

Сурет 3. «Негізгі мәзір» көрінісі

Информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралын дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету. Информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралын дидактикалық материалдармен қамтамасыз ету – электрондық оқу құралының негізгі принциптерінің бірі. Сурет 4-ші дидактикалық материалдарға негізделген сабақтар берілген.

Оқу құралы бірнеше дидактикалық материалдармен қамтылған.

1«Компьютерліксыныптасақталатынқауіпсіздік техника ережесі»;

2«Компьютердің негізгі құрылғылары»;

3«Компьютердіңқосымшақұрылғылары»;

4«Ақпараттуралымәлімет»;

4 «Paintредакторында жұмыс істеу» [6].

Сурет 4. «Дидактикалықматериалдар»көрінісі

Болашақ ұстаз ретінде оқу құралына интерактивті тапсырмаларды ендіруді жөн деп санадым.

Оқу құралында біз бірнеше интерактивті тапсырмалар жасалды:

- «Компьютердің құрылғыларын тап»;
- «Адасқан әріптер».

Әр тапсырманың өз ерекшеліктері бар. «Компьютердің құрылғыларын тап» интерактивті тапсырмада оқушыға бірнеше суреттер беріледі, оқушы өз бетімен ізденіп, оқу құралында қамтылған дидактикалық материалдар мен бейне сабақтардың көмегімен өткен тақырыптарды қайталау арқылы, интерактивті тапсырманы орындауы тиіс. Сурет 5-ші компьютердің құрылғыларын табатын тапсырма көрсетілген.

Сурет 5. Компьютердің құрылғыларын табу

Ребус – бұл жасырынған сөздерді, сөйлемдерді, суреттің, әріптің, таңбалардың көмегімен табу ойыны. Ребус латын тілінен аударғанда «зат, нәрсе» деген мағынаны білдіреді. Алғашқы ребустар Францияда XV ғасырда пайда болған. Ребустың негізгі үш түрі бар:

- суретті ребустар;
- әріпті ребустар;
- математикалық ребустар.

Біз оқу құралында «Суретті ребусты» қолдандық[7]. Сурет 6-ші ребустар көрінісі бейнеленген.

Сурет 6. Ребустар көрінісі

Информатика сабағы дәстүрлі түрде тек орта және жоғары сыныптарда оқытылып келсе, қазірде бастауыш сыныптарда информатикадан білім беру мәселелері кейінгі кездерде ғана қолға алынып жүрген мәселелердің бірі.

Бастауыш мектептерде интеллект қарқынды түрде алға жылжиды, сол себепті мұғалім оқу ісін ұйымдастыру кезеңінде баланың ойлау қабілетін дамытуға көбірек септігін тигізетін бағдарламалар қамтуы керек. Ойлау қабілетіндегі осындай өзгерістер түйсікпен жады сияқты тағы басқа да психикалық процестердің өзгеруіне әкеледі.

Оқу құралының интерфейсі келесі элементтерден тұрады: негізгі мәзір,қосымша мәзір және материалды тікелей бейнеленетін басты терезе. Интерфейс құрылымы бірдеңгейлі, яғни қандай да бір элементті шерткен кезде тиісті материал шығады. Кез келген тақырыпты басты терезеде лезде қарауға болады. Интерфейстің осындай құрылымы оқулық бойынша навигацияны жеңілдетуге арналған, электрондық оқу құралының кез келген элементі тікелей шақырылады.

Оқу процесінде қолданылатын электрондық зертханалық жұмыстың тапсырмаларын жасау – көп еңбекті және компьютерлік технология аймағындағы қажетті білімді талап ететін процесс болып табылады, сондықтан, оны жасаудың бірнеше кезеңдері анықталды.

Бастауыш мектепте информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық оқу құралын жасаудың мақсаты – оқушыларға информатика пәнінің ерекшеліктерін меңгерте отырып, сабақ өту барысында жаңа технологияны қолдану[8].

Электрондық оқу құралдарын пайдаланудың мектептер және мұғалімдер арасында кең қолданысқа ие болғандықтан, оны білім беру үрдісінде пайдалану қолжетімді көрінеді. Себебі қазіргі таңда көптеп қолдануда, және бұл көрсеткіш жылдан жылға арта түсуде.

Білім беру жүйесіндегі сапаларды арттырудағы басты бағыттардың бірі оқыту процесіндегі қатысушылардың барлығына білім беру саласындағы жаңа технологиялар мен ресурстарды бірдей қолжетімділігінің болуы, Қазақстан Республикасы азаматтарының интелектуалды, физикалық және рухани даму жағдайларын жасау болып табылады.

Қойылған мақсаттарға жетудегі жаңа ақпараттық технолгиялардың білім саласына енгізілуінің орны ерекше. Бүгінгі күннің өзінде ақпараттық технологиялардың білім саласында қолданылуы үлкен жетістіктерге жетті.

Қазіргі кезде білімді тереңдетуге көптеген мүмкіндіктер бар, бірақ жаңа технологиялар оқу процесін әлде-қайда қызықты және қолжетімді жасайды. Осындай жаңа технологиялардың білім жүйесінде қолдану идеялардың бірі – электрондық зертханалықтарды оқу процесінде қолдану болып табылады. Және де бұл оқу құралын тек қана сабақ уақытында ғана емес, үйде де кез келген ата-ана балаларың сабаққа қызығушылын арттыру үшін пайдалануға болады.

Электрондық зертханалық жұмыстар Macromedia Flash 8 бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасалды.

Электрондық зертханалық жұмыстар құрастыру нәтижесінде кез келген компьютерде жұмыс істейтін бастауыш мектептің 2 сынып балаларына информатика пәнін оқытуға арналған электрондық оқу құралы құрастырылды.

Бастауыш мектепте информатика пәнінен 2 сыныпқа арналған электрондық зертханалық жұмыста, яғни оқу құралында мынадай бөлімдер қарастырылды:

- дидактикалық материалдар;
- бейнероликтер;
- интерактивті тапсырмалар;
- сергітусәті;
- ойындар;
- тест.

Әр бөлімінің өзіндік ерекшеліктері мен тиімділігі бар.Бұл оқу құралы 2 сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырылып жасалды.

Бастауыш мектепте информатика пәнін оқыту барысында электрондық зертханалық жұмыстарды даярлаудың маңызы өте зор. Себебі зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру, оны сабақ барысында қолдана білу – қазіргі заман талабына сай болуы қажет.

Қарастырып отырған электрондықк зертханалық жұмыстарды бастауыш сыныпта информатиканы оқытуда пайдалану:

- оқушылардың мотивациясын арттыруына;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуына;
- логикалық ойлауын қалыптастыруына;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруына;
- есте сақтау қабілетін дамытуына мүмкіндік туғызады.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының 2017 жылы 31 қаңтарғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында атап өткендей, жаһандық жаңа қатерлерге қарсы адами капиталды сапалы дамыту тиіс, яғни оның өзегі – білім болғандықтан, біз IT саласында қазақстандық білімді дамытуда өз үлесімізді қосуымыз керек.

Қорытынды жасайтын болсақ, электрондық оқу құралын жасау бұл шынымен де қиын және ұзақ процесс. Арнайы дайындықсыз бен білімсіз электрондық оқу құралын жасап шығару мүмкін емес. Оқу құралын жасау үшін Flash бадарламасынан жақсы таным түсінігі болуы қажет.

Дипломды жұмысты жазу уақытына электрондық оқу құралы жұмыс істейді және жетілдіріліп жатыр.

Бастауыш мектепте 2 сынып оқушыларына арналған электрондық оқу құралын оқу процесінде пайдалануға болады деп есептеймін және оны құру мақсатына жеттім деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бидайбеков Е.Ы., Лапчик М.П., Нұрбекова Ж.К., Сағымбаева А.Е. Жарасова Г.С., Оспанова Н.Н., Исабаева Д.Н. Информатиканы оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы, 2014. - 588 б.
2. Хасанова С.Б. «Бастауыш мектептегі информатика» курсы: оқу құралы.- Қостанай: ҚМПИ, 2016. –100 б.
3. Агеев, В.Н. Современные электронные учебные издания / В.Н. Агеев. – М.: МГУР, 2008. – 236 с.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
5. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтін Қазақстан халқына жолдауы, 2014.
7. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б.Б., Мұхамбетжанова С.Т., Қабылова Г.С., Айтқабина Б.А., Мамырбек Ғ.Б., Ақпараттық мәдениет негіздері, 1 – 4 сыныптар, Әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Аруна», 2005.-196 б.
8. Е.А. Вьюшкова, Н.В. Параскун, Б.Қ. Әбенов, Информатика: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық.- Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2015. 224 б.

ӘОЖ 371.25

ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДЫҢ БАЛА ДАРЫНЫН ДАМЫТУДАҒЫ РОЛІ

Коспанова Р.

М.Маметова атындағы № 27 физика - математика бағытындағы мектеп лицейі

Есеп – ойлау обьектісі.

Есепті шығару – ой қызметі.

Шығармашылық тұлға қалыптастыру қазіргі оқу процесінің ең басты талаптарының біріне саналады. Оқушы бойындағы шығармашылық қасиеттерді өшіріп алмас үшін мұғалім алдына мынадай міндеттерді қояды:

- оқушының ақыл – ой қабілеттілігін жетілдіріп отыру;
- оқушының шығармашылық арқылы дарындылығын дамыту;
- оқушының пәндік олимпиадаға, ғылыми зерттеу жұмыстарына дағдыларын қалыптастыру;

Физиканы оқытуда есептер шығарудың бала дарынын жан – жақты дамытудағы ролі зор.

Есептің берілген элементтері мен берілмеген элементтерінің арасындағы байланысты табу үшін практикалық түрленлдірулер мен теориялық білім қажет.

Есептің

Берілген элементтері **берілмеген элементтері**

Байланысты табу

Теория **практикалық түрлендіру**

Есепті шығару барысындағы оқушы ойлауының фундаментальді заңдылықтары:

1. Бірлік заңы және қарама –қарсылық күрес.
2. Қарама – қарсы қоюдың кезектесуі.
3. Кері байланыс принципі, процестердің жүйелілігі мен циклдігі (Анюхан)
4. Күрделі символдарға көшу.

Ойлаудың фундаментальдық заңдылықтар:

1. Бірлік заңы қарама –қарсылық күрес
2. Шартты рефлекстерді қоздыруы (Павлов)
3. Кері байланыс Жүйелілік

принциптері Циклдік

4. Күрделі символдарға көшу.

Енді осыны есеп шығарудың психологиялық анализімен салыстырайық.

есеп шығарудың 2 құрылымы бар:

1. Обьективтік – логикалық құрылым.
2. Субьективтік – психологиялық құрылым.

Есеп шығарудың обьективті – логикалық құрылымы мен субьективті – психологиялық жолын қатар қоя білу – адамның реалдық қызметін береді, психологиялық зерттеу әдісі – күрделі психологиялық проблема тудырады.

Есептер шығару құрылымы

Обьективтік – логикалық **Субьективтік – психологиялық**

Адамның реалдық қызметі

Күрделі психологиялық проблема

Есеп шығарудың обьективтік – логикалық құрылымы дегенді қалай түсінеміз – бұл оқушының осы есептер шығаруға керекті теориялық білімдері және оны пайдалана білуі. Жақсы оқитын қабілетті бала бұл жеткілікті, бірақ оларда теориялық білім жеткілікті болса да, психологиялық ойлау жоқ болуы мүмкін. Мұндай адамдар компьютермен пара – пар. Ал дарынды балада есеп шығарудың психологиялық құрылымының болуы - интеллектуалдық қызмет.

Есеп шығару өздігінен реттелетін процесс. Негізгі проблема – ойлаушы бала есептің берілу шартын сәйкес оның шығару жолын басқара ала ма?

Есепті шығара білу деген – қате жібермеу деген сөз емес. Оқушы осы қатені өзі түсіне ме? Оның мақсатқа жеткізбейтінің түсіну – есеп шығарушының ойлай білетіндігін көрсетеді. Есептің әрбір бөлігін шығарудағы логикалық байланыс – керекті жағдай. Дарынды оқушылар есепті ойша шығарып алады. Мысалы «Бірінші самолеттің жылдамдығын табамын, содан кейін екінші самолеттің жылдамдығын табамын, сосын қосамын, содан соң олардың 1 сағаттағы жолын табамын, барлық жолды осыған бөлсем, олардың неше сағаттан соң кездесетінін табамын». Бұл мысал дарынды баланың психологиялық – логикалық ізденіс. Осы ізденіс жағдайында оның дұрыстығы мен мақсатқа сәйкес екенін үнемі өзі бақылап отыру керек.

«Бұдан не табамын?», «Бұл керек емес», «Жоқ, олай емес», «Ойлап – ойлап келіп, енді дұрыс жолға түстім» осылайша есептің ойша моделін жасап алған соң, оқушы «Әрі қарай оңай» дейді.

Ойлау – белгілі бір мақсаты бар өздігінен реттелген процесс. Кей жағдайда дарынды балалар көп ойлаудың нәтижесінде бірден жауабын айтуы мүмкін. «Сен қалай шығардың?» десең, «Мен солай ойладым» дейді. Бірақ шығару жолын түсіндіре алмай қиналады. Бұл жағдайда бала есепті интуитивті шығарады деп түсінеміз. Бұл жағдайда бала үздіксіз, дараланған логикалық звенолар жасаудың орнына секірмелі логикалық болжамдар жасайды.

Шығармашылық – дарынды баланың өздігінен ойлауының жоғарғы формасы. «Оқушының математикалық қызметін толық деп айтуға болмайды. Егер ол өзі құрастырған есепті шығармаса» Д.Пойа. Дәл осыны физикаға да айтуға болады. Физиканы оқытуда оқушылардың өз бетімен жұмысы, оқушыны дамытуда шешілмей келе жатқан мәселелердің бірі. Әсіресе, қазір физика сабақтарынан сағат санының азаюы, теориялық материалдың көбеюі. 7-9 кластарда сабақ үстінде оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру өте қиын болып отыр. Әсіресе, дарынды балалармен жүргізілген өздік жұмыс, шығармашылық жұмысқа те қана сабақтан тыс жүргізу мүмкін болып отыр. Оқушының білімін тереңдету жаттау арқылы емес, оқулықтармен, қосымша материалдармен шығармашылық жұмыс атқару іске асады. Шғармашылық ойлау – өз бетімен жұмыс істеудің жоғары баспалдағы. Кейбір мұғалімдер оқушы өздігінен алдына проблема қоя алмайды, сондықтан ол дайын есепті ғана шығарып келіп отыр дейді. Мектептегі физика курсын әрбір оқушы үшін кішкентай жаңалықтар ашу сериясы ретінде жазуға болады және солай ету керек. Оқулықтың әрбір бөлімінде шығармашылықтың элементтерін енгізіп отыру керек. Шығармашылық қандай болмасын – техникалық – музыкалық, физикалық т.б. конструктивтік іс әрекет болмаса, жетістікке жете алмайды. Шығармашылық есептер бірнеше ұғымдардың жүйесі, бұл жүйе бірнеше информациялық бірліктердің логикалық байланысын біріктіреді. Шығармашылық есептерді шығарудың барысында дарынды оқушы:

1. Сараланбаған біртұтас білім меңгеруі;
2. Осы біртұтас біліммен жеке элементтерді білуі және олардың байланысын түсіне білуі.
3. Осы элементтерді және олардың байланысын меңгере отырып жетілген және дәл біртұтас образды алу керек.

Шығармашылық есеп

Біртұтас білім

Жеке білім элементтері

Олардың арасындағы логикалық байланысы

Жетілген және дәл біртұтас образ

Дарынды баланың ойлау үрдісіне мынадац принциптері іске асып жатады.

1. Өзара байланыс принципі.
2. Өзара кері амалдар мен операцияларды бір мезгілде ойша жүргізу.
3. Қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру.
4. Ұқсас аналогиялық ұғымдарды қатар қою.
5. Жұмыстың кезеңдері қатар қоюы.

Шығармашылық есептер көп компонентті, олар бір – бірімен логикалық байланыста, психологиялық бірлікте болуы керек.

Дарынды оқушының жұмыс бірнеше бөліктерден тұрады. Оқушы осы бөліктерді игеріп, шығармашылық жұмыс істеуге дағды алу керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Құрастырушылар: С.Калиев т.б. Алматы «Рауан», 1991.200 б.
2. Ананыв Б.Г. О проблеме современного человекознания. М. «Наука», 1977.
3. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьников М. 2001.
4. Л.Л.Гурова Психологический анализ решение задач. М. 1976
5. П.М. Эрдниев, Б.П. Эрдниев Укрупнение дидактических единиц в обучении математике. М. «Просвещение», 1986.

ӘОЖ 53:004

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

Куспанова Б. К.

Круглоозерный жалпы орта білім беретін мектебі

Білім-теңіз, оның тереңіне сипатын жетік білетін,
сырын меңгерген, құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ.
Ондай адамды дайындайтын мұғалім.
В.А.Сухомлинский

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2030 жылға арналған стратегиялық бағдарламасында“Біз өзіміздің болашағымызды”, жеке балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келсе,осыны айқындап алатын уақыт жетті”,- деп көрсеткен. Сондықтан да еліміздегі ұлттық қоғамдыкемелдендіру, ел болашағы – жас ұрпақты жаңа инновациялық әдісте рухтық тәлім және білім негіздерімен қаруландырып қалыптастыру қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі- баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Физика пәнін оқытуда инновациялық технология - білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Үлкен іске үн қосу әрбір азаматтың басты міндеті және парызы болып табылады. Сондықтан да жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін жұмыла жұмыс істеуіміз қажет.

Мақсаты: Физиканы оқытуда инновациялық технологияның озық әдістерінің бірі – ойын элементтерін оқу үрдісінде пайдалану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың білім және біліктілік деңгейін қалыптастыру, білім сапасын арттыру.

Бүгінгі мақсат – әрбір оқушыларға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан – жақты дамуына қолайлы жағдай жасап, жеке тұлға қалыптастыру. Қазіргі таңда шетел тілі ретінде ағылшын тілін оқытуды жаңа сатыға көтеру –педагогикадағы іргелі міндеттердің бірі. Елбасы бастамасымен «Үштұғырлы тіл » мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаңғыру жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән беріліп отыр. Әлемдік білім алу кеңістігінде интеграциялық үрдістердің тереңдеп кең қанат жайған жағдайында шетел тілін оқыту өзекті болып отыр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу - әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс» екендігін баса айтып өткен болатын. Ол үшін қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын терең меңгеру керек.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: оқушыны ізгілік тұрғысынан қорғау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, оқушының танымдық күшін қалыптастыру және дамыту,оқушының танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту,әр оқушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу, оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Білім беру технологияларының озық әдістерінің бірі болып табылатын, кәсіптік білім беруге жақсы әсерін тигізетіні – ойын әдісі. Білім беру жүйесінде инновациялы технологияның түрі болып табылатын әрекетті технологиялары қолданылуда. Осындай технологиялардың басты мақсаты – «Іскерлік ойын» әдісі.

Ойын әдісі оқушының материалды ұғынудың барлық амалдарын, қабылдаудың барлық түрлерін қолдана отырып, қанағаттандырады. Модульдік классификация бойынша ойын бағдарламасы дайындалады. Материалды меңгеру үшін әр бөлімге оқушылар бірнеше топқа бөлінеді. Сол оқушылар берілген материал бойынша дайындық жүргізеді де оны жүзеге асырады. Олардың басты мақсаты - оқу материалын тереңдей өз бетімен талдауға көмектесетін ақпаратты берудегі және басқа да құралдарын барынша пайдалану. Ойын дайындау барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттіліктерін қоса қосымша бейстандартты ойлау мүмкіндігіне ие болады. Топтар арасындағы бәсекелестік ойын әдісінің тиімділігін арттырады. Ойын әр модульге ерекше, айрықша болады.

Менің проблемалық тақырыбым:

“Жаңа технологияны қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге, тұжырымдауға баулу”.

Мен “Сын тұрғысынан ойлау” технологиясының әдіс-тәсілдерін сабақта қолданып жүрмін.“Сын тұрғысынан ойлау” бағдарламасының ерекшелігі мұғалім- “үйретуші”, оқушы-“үйренуші”емес, мұғалім мен оқушының теңдігі.

“Сын тұрғысынан ойлау” бағдарламасында мына мәселелерге назар аударамын:

*Әр оқушының еркін жауап беруіне жағдай жасау;

* Сенімділікке тәрбиелеу үшін баланың жауабын санмен бағаламау;

*Қиялын дамыту үшін “Менің ойымша”, “меніңше” деген жауапқа дағдыландыру;

*Тіл байлығын дамыту үшін жауапты соңына дейін тыңдау;

*Оқушының жауабын нақтыламауға, қайталамауға тырысу;

*Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау;

*Жеке тұлға ретінде “Мен” деген ролін көтеру, өз пікірін қалыптастыру;

Сабақ құрылымында 3 кезеңді қолданамын:

1. “Ой қозғау”. Бұл кезеңде оқушылардың қызығушылығын ояту үшін әртүрлі жұмыстар беріледі.

2. “Мағынаны тану” кезеңі. Мұнда мәтінді жан-жақты және әр тұрғыдан талдау жұмысы жүргізіледі.

3. “Ой толғаныс” кезеңінде оқушылар сабақ кезінде алған мәліметтерін қорытындылап, ойларын тұжырымдап, әрекет жасайды.

Бұл жұмыстар бар стратегиясына қатысты жүргізіледі. Бірінші сатысы- жеке жұмыс. Екінші сатысы- жұптық жұмыс. Үшінші сатысы- топ аралық жұмыс. Бұл технологияның тиімділігі сабақ үстінде оқушылардың еңбек атқаруын талап етіп, оларды ізденіске, өз ойларын жеткізуге ынталандырады.Физика сабағында бұл технологияның тиімділігі неде?- деген сұрақ тууы мүмкін.

1.Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, зерттеу жұмыстарын жүргізуі, ізденуі;

2.Жұптық, топтық жұмыс барысында өз білімін, біліктілігін көрсете алуы;

3.Сөйлей білуге, тыңдауға және тыңдай білу дағдысына үйрету;

4.Сабақ үстінде өзін еркін сезінуге, ойын еркін айтуға үйрету;

5.Қателесуден қорықпауға үйрету;

6.Өз ойын дәлелдеуге мүмкіншілік беру;

7.Жазба және ауызекі сөйлеу тілін дамыту.

Адам баласы есту арқылы сөйлеп үйренеді. Көру,сезу, салыстыру арқылы дамиды. Осы орайда «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламасының ассоциялық кластер құрап, Венн диаграмма, т.б. стратегия жаңа сабақты үйренуде, бекітуде, қайталауда жазба жұмыстарына дайындық ретінде өте тиімді.

Мен физика сабағында осы СТО технологиясын қолдана отырып, бірнеше сабақтар бердім. Атап айтқанда, 7-сыныпта «Кинетикалық және потенциялық энергиялар», «Жұмыс,Қуат» тақырыбын өтуде, 9-сыныпта «Импульстің сақталу заңы», «Тербелістер мен толқындар» тарауын қайталау, 11-сыныпта «Ядролық энергияны қолдану», «Ядролық қару» тақырыбын өткізгендегі осы технологияның өте қолайлы, тиімді екендігіне көз жеткізе отырып, оқушы белсенділігін, қызығушылығына үлкен жол ашады деп сенімді түрде айта аламын. Жаңа технологиялардың басқа да түрлерін қолдана отырып, сабақ өткізу мұғалімнің шеберлігін шыңдайды, оқушының қызығушылығын арттырады деп ойлаймын.

Физиканы меңгеруде қосымша сабақтардыңда ықпалы өте зор. Осыған байланысты қолданбалы курстар 10-11 сыныптарда өткіземін. «Физикадан есептер шығару практикумы» 10 -11сыныптар . Факультативтік сабақтар «Күрделі есептерді шешу» 9 сынып.

Интерактивті тақтаның оқытушы мен оқушыға тиімділігі.

Оқытушылар үшін тиімділігі

Білім алушылар үшін артықшылығы

Жаңа материалды сыныптың ортасында тұрып түсіндіруге, үлкен аудиториямен жұмыс істеу мүмкіндігі.

Сабақты қызықты етеді және мотивацияны дамытады.

Кез-келген қосымшаның жоғарғы жағына өз ойын жазуға, сурет салуға мүмкіндік береді және импровизация мен икемділікті мадақтайды.

Ұжымдық жұмысқа қатысуға көп мүмкіндік береді, жеке және әлеуметтік дағдыны дамытады.

Сабақ барысында кез-келген сөзді сақтауға тақтадан көрсетуге және материалдың меңгеру деңгейін жеңіл тексеру мүмкіндігі

Материалдың анық, тиімді және серпінді берілуі нәтижесінде күрделі сұрақтарды тез қабылдайы және игереді.

Оқытушылар дайын материалдарымен алмасуға және оларды қайтадан пайдалану мүмкіндігі.

Білім алушылар өз-өздеріне сенімді болады және шығармашылықпен жұмыс істейді. Оқытушыларды оқытудың жаңа жолдарын іздеуге ынталандырады, кәсіби жағынан өсуге ұмтылдырады. Оқушылар жекелеген қажеттілікке сәйкес белгілі бір ресурстарға сүйеніп, оқудың түрлі әдістерін қолданады.

Мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD,CD-ROM және интернет ресурстарын қолдана алады.

Интерактивті тақта – оқытушыға оқыту үрдісін оңтайландыруға, білім алушының танымдық белсенділігін дамытып, мазмұнды және көрнекі тапсырмалар құруға, сабақты құрылымдауға, сабақ барысы мен қарқынын жақсартуға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологиялық құрал екеніне көз жеткіземіз.

Интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі.

*Пән бойынша базалық білімді меңгеру;

*Алған білімді жүйелеу;

*Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;

*Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру.

Қытайдың бір нақыл сөзіне көңіл аударсақ: «маған айтшы- мен ұмытып қаламын, маған көрсетші- менің есімде қалады, өзіме істетші- мен сонда түсінемін» делінген. Яғни, оқушылардың көпшілігі естігенінің 5%-н және көргенінің 20%-н есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Осы сөздерден интерактивті оқытудың мәні өз көрінісін табады.

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

— әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

— білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

— өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

— аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

ӘОЖ 004.37

Возникновение данного метода преподавания связывают с Медицинским университетом Макмэстера (Канада, 1969). Основными пунктами в учебной программе этого вуза были проблемы, основанные на клинических случаях. Университет Св.Георга (Англия), Нью-Мексико (Мексика), медицинская школа Гарварда (США) и других ведущих университетов активно начали использовать в процессе обучения. С 2007 года начали активно внедрять элементы проблемно-ориентированного обучения в нашем Карагандинском государственном медицинском университете (КГМУ) приглашая специалистов и профессоров из западных стран. Более 80% медицинских университетов и школ со всего мира применяют данную методику в учебном процессе [9].

Особенности проблемно-ориентированного обучения:

1. Студент берёт ответственность и составляет план для изучения проблемы;
2. Началом пути для освоения новых знаний является – проблема;
3. Функция преподавателя заключается в регулировании процесса обучения;
4. Способность самостоятельной работы повышается;
5. Инструментом обучения является проблема [9].

Известный ученый Махмутов М. И. описывает основную разницу традиционного и проблемного обучения следующим образом: «В двух моментах состоит различие этих методов, это цель и принципы организации учебного процесса. Цель традиционного метода состоит в том, что бы ученик овладел знаниями основ наук, усвоил результаты научного познания, и развитие соответствующих навыков. Цель проблемного метода, это усвоение не только вышеуказанных знаний, но и самого процесса, каким образом они достигли истины, формирование самостоятельности и выработке научного, критического, творческого мышления ученика»[10].

Таким образом, PBL – проблемно-ориентированная методология, которая позволяет получать знания через понимание и прохождение реальных профессиональных ситуаций, даёт возможность получать хороший опыт и полноценное освоение знания [11].

Подводя итоги анализа, следует отметить что, все перечисленные методы обучения направлены на активные действия студентов в решении поставленной задачи учебного материала. Они дают возможность получить практические навыки в решении нестандартных ситуаций. Результатом использования этих методов обучения является готовность к профессиональной активной деятельности, коммуникабельность и нестандартное мышление, умение анализировать и принимать оптимальные решения. Умелое использование педагогом активных педагогических методов делает учебный процесс насыщенным и эффективным.

Список литературы

1. Трофименко А. С. Инновационные методы обучения в высшем образовании. SCI-ARTICLE, №13, сентябрь, 2014;

2. Осмоловская И.М. Инновации и педагогическая практика// Народное образование. — 2010. — № 6. — стр. 182—188;
3. О профессоре ДЕЙЛЕ, его «конусе опыта» и «пирамиде обучения», предложенной его последователями [Электронный ресурс], Режим доступа: http: //www.openlesson.ru/?p=16822 - (Дата обращения: 25.09.2017);
4. Аничкин Е.С. Проектно-исследовательское обучение студентов: природа, особенности, преимущества, журнал: Экономика Профессия Бизнес, Издательство: Алтайский государственный университет (Барнаул), ISSN: 2413-8584, стр. 71;
5. Чучалин А.И. Основы проблемно-ориентированного и проектно-организованного обучения, проф.кафедра ИПед, Томский политехнический университет;
6. John Larmer and John R. Mergendoller, Seven Essentials for Project-Based Learning, Volume 68, Number 1 Giving Students Meaningful Work, September 2010, Pages 34-37;
7. Долгоруков А. М. Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения. [Электронный ресурс], Режим доступа: http: //www.evolkov.net/case/case.study.html – (Дата обращения: 25.09.2017);
8. Метод Case Study [Электронный ресурс], Режим доступа: http: //www.pmuniversity.ru/upload/iblock/f59/casestudy.pdf – (Дата обращения: 25.09.2017);
9. Что такое PBL [Электронный ресурс], Режим доступа: https://edu.tatar.ru/upload/images/files/%D0%98%D0%BD%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%20%D0%BE%20PBL.pdf – (Дата обращения: 25.09.2017);
10.Махмутов М. И. Теория и практика проблемного обучения. Казань, 1972;
11.Искренко Э.В., Полтон Т.А. Проблемно-ориентированное обучение: особенности методики преподавания в Великобритании (на примере St.George university of London, Great Britain). университет Св. Георга, Лондон.

ӘОЖ 371.1:53

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Умирова А.С., Шуйншкалиева Г.С., Көптілеуов Б.Ә.
E-mail: Akzokon_85@mail.ru, arok_08@mail.ru
М.Маметова атындағы №27 физика – математика бағытындағы мектеп-лицейі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Оқыту үдерісінде – ақпараттық технологияларды білім беру сапасын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, физика сабақтарында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануды мектептерде ең бірінші кезекке қойып отыр.

Сонымен бірге, Елбасының «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білім деңгейімен анықталатынын» ерекше атап көрсетуінде де үлкен маңыз бар. Өйткені кез келген мемлекеттің рухани, әлеуметтік - экономикалық дәрежесі сонда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне қатысты бағаланады.

Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ.

Қазақстан Республикасы білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында ақпараттық - компьютерлік технологияларды білім беру жүйесіне жеделдетіп дамытуға қолдану негізгі міндеттердің бірі ретінде анықталады.

Жаңа ақпараттық - компьютерлік технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны оқушыға беру үдерісі.

Ақпараттық - компьютерлік технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық - компьютерлік технологияны пайдалану, Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру.

Зерттеулер бойынша ЭЕМ - ді оқу үдерісіне қолданудың маңыздылығын, физика сабағында тек қана оқу міндеттеріне қатысты нәтижелі шешім қабылдап қоймай, мектеп оқушыларының ақыл - ой дамуын, тұтасынан алғанда оқушыны шығармашылық еңбекті сыйлауға, таным қызығушылығын оятуға, ынталандыруға, өзін - өзі билеуге, тұлға болып қалыптасуға тәрбиелейді. Сондықтан тұтасынан алғанда компьютерлік оқыту жетістігі физика курсын оқытудың және педагогикалық үдерістің сапасынан арттырады.

Қазіргі ғылыми - техниканың жоғары дәрежеге жетуі – физика ғылымының жетістіктерінің нәтижесі, сондықтан физика пәні оқу үдерісінде оқушылардың таным белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамыту үшін ең негізгісі болып табылады.

Физика пәнін оқытуда компьютерді пайдалана отырып, «Геометриялық оптика» тарауын оқушыларға меңгерту өте тиімді (1 - сурет).



Сурет 1.

Берілетін материал бірсарынды болып, тек мұғалім ғана сөйлейтін болса, балалар тез шаршап қалады да, сабақ сәтсіз аяқталады. Осындай көңілсіз жағдайларды болдырмау үшін электронды оқулықтың теориялық бөлімін қолдану оқушылардың белсенділігін арттырады (2 - сурет).



Сурет 2.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – оқушылардың білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар.

Электронды оқу құралындағы есептердің шығарылу жолдары, өз бетімен шығаруға арналған есептер шығады осындай кезде көмекке келеді (3 - сурет).



Сурет 3.

Компьютермен жұмыс барысында оқушылардың белсенділік, жауапкершілік және өзіндік шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Оқушы өз бетінше еңбектенеді. Өз еңбегінің нәтижесін көреді. Өзін-өзі қадағалауға мүмкіншілік туады. Тапсырмаларды мұғалімнің көмегінсіз орындайды. Сол арқылы ойлау және есте сақтау қабілеттері дамиды (4 - сурет).



Сурет 4.

Сонымен қатар, компьютер балалардың шығармашылық белсенділігін дамытуға көмектеседі, әсіресе оған үйренуді емес, оны құрал ретінде пайдалануды игересе, яғни АКТ – ның техникалық жағын ғана қарастырмай, оның танымдық жағына көңіл бөлу керек. Мұндайда оны дұрыс пайдаланса, компьютер білімді жетілдіру құралы рөлін жақсы атқара алады. Оқу құралындағы бірінші модель арқылы линзаларда кескін тұрғызуға болады (5-сурет).



Сурет 5.

Ал екінші модельде Гюйгенс принципінің моделі көрсетіледі. Бұл модельде жарықтың шағылу және сыну заңдарын зерттеуге болады (6-сурет).

Сурет 6.

Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Ол оқушылардың интеллектін, логткалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды.

Физика пәнінде ақпараттық - компьютерлік технологияларды қолдану пәнді оқытуда оқушыға дүниенің заңдарын терең меңгертіп қоймай, оқушының ойын дамытып, эмоциясына, сезіміне қозғау салады. Өзіне қажетті мазмұн мен мәліметті ақпарат көзінен таңдап, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Әр сабақта жаңа ақпараттық - компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, оқушылар бойынан төмендегі қабілеттерді дамытуды мақсат етіп қойдық:

1. Білім, білік, дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру;
2. Жауапкершілік пен міндеттерін қалыптастыру;
3. Есеп пен талдау жасау дағдыларын үйрету;
4. Логикалық және ақпараттық ойлау қабілеттерін дамыту;
5. Өз бетінше ізденуге үйрету және компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу;
6. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеу.

Ақпараттық инфрақұрылымның дамуы ақпараттық – компьютерлік технологиялардың барлық салаларға енуі оқушылардың жан - жақты білім алуына жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; //Алматы,Шығармашылық педагогикасы. 2007.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан. 2015 ж. 7 ақпан.
3. Даумов Н. Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технология жағдайында оқытудың маңызы // Ұлт тағылымы. – 2003, – №2. – 58 – 63 б. ;
4. Жолдасова Б.Б. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану. Білім, 2007 ж.

ӘОЖ 371.3:51

ОҚУДАҒЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР МОДУЛІНІҢ МАТЕМАТИКАНЫҢ САБАҚТАР ТІЗБЕГІНДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ

Утегенова А.Т.
E-mail: the-life-is-perfect@mail.ru
Орал қаласының білім беру бөлімінің Асан Тайманов атындағы №34 мектеп – гимназиясы

Мен үшін сабақ, жан-жақты білімділікті, мейірімділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, икемділікті қажет ететін 45 минут. Біз күнделікті өмірде білім алып, білім алуды үйретуіміз қажет. Оқитын пән қаншалықты бағалы немесе мұғалімнің шеберлігі жоғары болса да, мұғалім оқушының белсенділігін туғыза алмаса, берген білімнен нәтиже шығарылмайды.

Әрбір мұғалім қалай оқыту керек екенін түсінуі қажет. Өмір бойы өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындау және оның әдістерін таңдау білім берудің негізі. Міне, сондықтан жаңа тәсілдерді сабақта қолданудың маңызы зор. Бұл оқудың қазіргі таңдағы талаптарға сай жеке тұлғаны тәрбиелеуде өзіндік орны бар.

Сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа сыныптағы дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және құрбыларынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген. Құзырлы оқытудың маңызды факторы - оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін мұғалімнің түсінуі мен бағалай алуы. Сондықтан да Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер мұғалімде болған жағдайда ғана оқыту тиімді де сәтті болып саналады дейді. Үш көмекші құрал: бас, қол, жүрек.

Бас - кәсіби түсінік, қол - оқытудың тәжірибелік дағдылары, жүрек – кәсіби - өнегелік тұтастық. Бұл жердегі үлкен құнды пікір – әрбір мұғалім теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, шын ынта ықыласымен оқушыларға мейірімділік, жанашырлық көрсете білуі керек. Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әрбір мұғалім заман ағымына сәйкес ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мен оқыту тәжірибемде үлкен жетістіктерге жеткім келеді. Әрине, оқушылар тек біліп қана қоймай, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптасса, онда мұғалімнің биік мақсатқа қол жеткізгені болмақ.

Сабақты өткізген кезде әрбір мұғалім оқушыларда Чиксентмихаи (2008) «өзіндік мақсат» және Райан мен Деки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттерінің болуына жағдай жасауы тиіс. Оқушылар өзін – өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады. Және де әрбір мұғалім оқушылардың қалыптасқан дағдысына сәйкес, орынды талап қою керек екенін үнемі басшылыққа алып отыруы тиіс. Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысушы болғанда ғана, сабақтағы материалды терең меңгере алады.

Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру курсы Бағдарламасының басты мақсаттарының бірі - баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта білген білім - дағдылары мен амал, көзқарастарын зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылатынын ескере отырып, біздерге ұсынып отырған жеті модульдың барлығын да білім беру мен білім алудың жаңа тәсілдері деп санауға болады. (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 33б.)

Бағдарламаның негізгі мазмұны оқытудың жаңа формасы туралы, оқу мен оқытудағы өзгерістер, оған басшылық жасау әрекеттерін үйрету, оқушыларға қалай оқу керектігін үйретудегі түрлі тәсілдер, білімді бағалау жолдары туралы айтылған.

Әрбір мұғалім қалай оқыту керек екенін түсіне отыра, өмір бойы өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындауы керек. Және оқытудың әдістерін таңдау - білім берудің негізі. Оқыту және оқу диалог негізінде белсенді жүзеге асатындықтан, сабақтарымды сыныпты топқа бөлуден бастап, психологиялық ахуал тудыру мақсатында түрлі тренингтер өткізіп жүрмін. Сонымен қатар әрбір сабақтарымда оқылатын тақырыптан нені білу керектігін, қандай нәтиже күтілетінін оқушылар маршруттық карта арқылы анықтап алады.

Оқушылар өздерінің оқу үдерісін бақылауды үйреніп, шын қажет болған жағдайда ғана көмек сұрауға төселді.

Олардың әрқайсысы маршруттық картамен жұмыстана отырып, тапсырманы шешу тәсілін көршісіне түсіндіреді. Кейін олар өз таңдауларын оқушылардың басқа жұбына түсіндіре отырып, қандай әдістің барынша тиімді болатынын анықтайды. Осы жұмыс барысында оқушылар өздері қолданатын әдісті дұрыс тұжырымдаулары керек. Бұдан басқа, олар басқалар пайдаланатын әдістердің түсіндірілуін тыңдауы тиіс. Бұл оларға әртүрлі әдістер бойынша өз түсінігін жасауға мүмкіндік береді. (ІІ бетпе-бет кезеңі,6 ресурс парағы)

Оқушыларды сабақта немесе сабақтан тыс болсын күнделікті бақылай отырып, олардың нені игере, игере алмайтындығын бақылап, әртүрлі әдістерді пайдаланудамыз. Алайда, оқушылар өздері оқудың қажетті екенін, оны өмірде қажетіне пайдала алатынын сезінген жағдайда ғана оқуға деген ынтасы артып, сабақта белсенді қатысушыға айналады.

Егер де оқушыда жаттанды білім болса, яғни математика сабақтарында тек ережемен шектелсе, онда ол сабақ аяқталған соң ұмытып қалады. Сондықтан олар өздері оқудың қажеттілігін түсінуі керек.

Барнстың (1971) «Сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың білім алуына соншалықты әсер ететінін, оқытудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асатыны» туралы айтқан дәлелдемесіне сүйене отырып (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 39б.) мен сабақтарымда Мерсер көрсеткен әңгімелесудің топтық түрін жүзеге асырудамын. (3 апта, 3 күн). Мерсер «топтық әңгіме – әңгіме білім алмасу бағытында жүргізілгенмен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы маңызды болып саналады» деп есептеген. (Мұғалімге арналған нұсқаулық,40б.)

Диалогтік әдістің ерекшелігі, оқушылар сұраққа жауап бере отырып, жаңа тақырыпты меңгеруінде болады. Сабақ барысында енжарлық танытқан оқушылар болмайды. Мен сабақтарда оқушыларға бірін-бірі оқытуына мүмкіндік беру керек екенін түсіндім. Бізде теориямен практика ұштасып жатады. Алдымен теорияны меңгергеннен соң есептер шығаруға машықтанады. Оқушылар өз қолдарымен жасап көрсе, талқыласа, бір-біріне білім берсе көп жетістіктерге жететіне көзім жетуде.

Роджерс: «Оқушылар өздеріне сенгенді және құрметтегенді қалайды. Оқушылар рұқсат беруді емес, еркіндікті, мақсатқа қол жеткізу үшін өз ойын айту еркіндігін қалайды. Оқушылар жауапкершілік алу мүмкіндігі берілгенін қалайды», - деп атап көрсеткендей әсіресе, топ ретінде оқыту кезінде, белсенділік танытып қол көтерген оқушылардан ғана сұрау емес, сыныптағы түрлі оқушылармен сөйлесуге мүмкіндік беруіміз қажет.

Оқушылардан сабақ үстінде тақырып бойынша сұрақ қою арқылы, жауап алып, тақырыптың мазмұнын ашуына жағдай туғызып, жаңа тақырыпты түрткі, сынақтан өткізу, қайта бағыттау сұрақтарын қою арқылы тақырыпты тереңірек меңгеруіне ықпал еткен тиімді. Түрткі болу сұрағынан кейін оқушылар еркін сөйлеп, ойын ашық айта алады. Сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Әрбір айтылған ойдан кейін сабақтың тақырыбы, мақсаты ашылады.

Мерсердің идеялары сыныпты жалпы тұтас топ ретінде оқыту кезінде қол көтерген оқушылармен ғана емес, сыныптағы түрлі оқушылармен сөйлесуге мүмкіндік жасаса, мұғалімнің оқушылардың түсінуін нақтырақ бағалай алатыны туралы ойлауға түрткі болады. Осы тәсілдерді мектепте сабақ беруге және оқытуға қолдануға қалай көмектесуге болатынын ойландым, сол кезде мынадай идеялар туды. Біріншіден, оқушылар топтық әңгімедегі тақырыпты түсінгенін анықтауға болатын сұрақтар қою. Және де, әртүрлі сұрақтарға жауап ретінде «екі жұлдыз, бір тілек» немесе «Стикермен диалог» пайдалана отырып, оқушылар сабақ туралы не ойлайтынын және не білгенін біліп отыру.

(Қосымша 6). Сабақ соңында оқушыларға рефлексияны ынталандыру, өз ойларын қорытып айту, алған білімдерін қорытындылау үшін береміз. Бұлда өз кезегінде оқытуда көп көмегін тигізіп жатады. (Қосымша 7) Оқу оқушылардың қалай ойлайтынын әрі оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін дамытудан тұрады. Олар өздері оқудың әртүрлі әдістерін түсіну арқылы, яғни өздеріне сұрақ қоя отырып, білім алуға үйренеді.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Зерттеулерде ересектермен интерактивті қарым - қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың балалардың оқуына және когнитивті дамуына әсер ететіндігі айтылған. Бұл туралы Выготский оқушылар өздерінің ЖАДА жұмыс істеген жағдайда жақсаратынын атап көрсетеді. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайды деп Мерсер(2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасуда» оқушылар менімен тең құқылы серіктес болады. Барнс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме - мұғалімнің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде өзара дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі деп айтқан. Ендеше, оқушылардың өзара әрекет дағдыларын дамытудың бір тәсілі - топтарға берілген ортақ проблемалар арқылы түйінді шешімге келетіні анықталды.

Мерсер: «Зерттеушілік әңгіме жүргізілген кезде, оқушылар бір-біріне сұрақ қоя отырып, өзінің айтқандарын дәлелдеп, топтағы оқушылармен келісімге жетуге тырысады» деген болатын. (Мұғалімге арналған нұсқаулық,40б.) Сондықтан сабақ барысында өзара әрекет дағдыларын дамыту мақсатында, оқушылардың бір-біріне сұрақ қойғызып отырамын.

Сыныпта сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарта және кеңейте алады. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін сұрақтардың екі түрі - төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар қолданылады. Төмен дәрежелі сұрақтар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. (Мұғалімге арналған нұсқаулық,41б.)

Оқушылар өзара әрекетпен нәтижеге жету мақсатында пікір алмасып өздерінің күш жігерін жұмсайды.

Болашақта сабақтарымда үнемі оқушылардың жауаптары мен түсініктемелеріне қарай әрекет етудің Рэгг және Браун (2001) ұсынған бірнеше түрлерін басшылыққа алуды жөн көрдім:

- Жауапты мойындап, оны келесі сұхбатқа негіздеп отыруды;
- Мағынаны күшейту үшін немесе оны басқалардың да естуі үшін жауапты сөзбе-сөз қайталай отыруды.
- Жауапты өздеріне түзете алуына мүмкіндік беруді;
- Оқушыларды бұдан әрі де ақпарат немесе түсініктеме іздеуге ынталандыруды;
- Әрине, әрбір жауап үшін мадақтап отыруды. (Мұғалімге арналған нұсқаулық,42б.)

Сонымен, оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс. Сондықтан да жоғарыда айтылған жаңа әдіс – тәсілдер жетістік көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық.Үшінші базалық деңгей.III басылым.НЗм, 2012, 32-39 б.

2. Alexander, R.J., (2001). Culture and Pedagogy: International comparisons in primary education. [Мәдениет және педагогика: бастауыш білім берудегі халықаралық салыстыру]. Oxford, Blackwell Publishers.

3. Alexander, R. (2004). Towards dialogic teaching: rethinking classroom talk. [Диалогтік оқыту жағы: сыныптағы әңгімені қайта ойластыру]. Cambridge: Dialogos UK.

4. Alexander, R.J., (2008). Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk. [Диалогтік оқыту. Сыныптағы әңгімені қайта қарау]. 4th edition, York, Dialogos.

5. Mercer, N., (2000). Words and Minds. [Сөздер мен ойлар]. London, Routledge.

ӘОЖ 51

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Утепкалиев С.У., Айғабыл М.А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Еліміздегі әлеуметтік - экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, технологияларын, формаларын жетілдіру талабын қойып отыр. Білім берудегі жаңа басымдықтар – студенттердің тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда.

Ел басының 2015 ж. 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге техникалық кадрлар дайындау жүйесін барынша дамыту қажет. Техикалық және кәсіби білім беру инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс. Бұл үшін Германиямен, Канадамен, Австралиямен және Сингапурмен кадрлар дайындау орталығын бірлесіп құру керек. Олар бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің моделі болады.

Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2016 ж. 6-шы қантардағы «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында білім беру саласында мектепке дейін және мектепте білім берудің жаңа үйлестірілген стандарттарын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыстар жүргізілуде екенін айтып өтті.

2017 ж. бастап жаңа жоба – Баршаға арналған тегін кәсіби – техникалық білім бағдарламасы басталатынын жариялаймын» - деген болатын.

Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт - бағдар беруші болып шығуы – қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ.

Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда.

Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген анықтама бере аламыз.

Ғалымдардың пікірі бойынша еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманнның бойында төмендегідей құзіреттіліктер қалыптасуы қажет:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік - еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті)[5].

Сонымен, кәсіби құзыреттілік дегеніміз ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады**.**

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

1. Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.
2. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.
3. Білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

-бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

-мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

-оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

-коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

-ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

-әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

-тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан - жақты болуы талап етіледі.Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан- жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Педагогикалық шеберлік терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған.

Обьективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі.Жоғары еңбек көрсеткіші,әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б. жататындығын атап өтеді.

Субьективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субьективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.

Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады.Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым-қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.

Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс - қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан - жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі білім алушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты:
- Өз алдына мақсат қоя білу керек.

Қазіргі өскелең талапқа сәйкес әрбір оқу пәні бойынша білім, білік және дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып табылады. Құзіреттілік – нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана алу, проблеманы шеше білу, оқушылар дайындығы сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Осы ретте мұғалім құзыреттіліктің төмендегі түрлерін игеруі керек:

- арнайы құзіреттілік – кәсіби қызметін жоғары дәрежеде атқару және өзінің кәсіби дамуын одан әрі жобалай білу қабілеті;

- әлеуметтік құзіреттілік – бірлескен кәсіптік қызметпен шұғылдану (ұжым,топпен) қабілетті, қызмет ету, кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу;

- білім беру құзіреттілігі – білім беру қызметінде кәсіби білімді, білік пен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығушылық;

- ақпараттық құзіреттілік – ақпараттық қарым-қатынас технологиясын игеру және өз бетімен білім алу.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт жоспары - қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласы. 06.01.2016 ж.

2. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 30.11.2015 ж.

3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2002

4. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. - М., 1998

5. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

6. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлылығын дамыту//Білім берудегі менеджмент, №4, 2009.

ӘОЖ 51

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Хайруллина Р. Г.
E-mail: rabiga_h69@mail.ru
№12 жалпы орта білім беретін мектеп

Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс – тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Ғылым мен техниканың қарыштап дамуына байланысты педагогикалық ғылымның теориясы мен оқыту үдірісі де түбегейлі өзгерітерге ұшырауда. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Сондықтан мектептегі математиканы оқыту мақсаттары мен міндеттері білім беру процесіндегі оқытудың негізгі міндеті оқушылардың білім жүйесін және ойлау қабілетін кең түрде дамыту мен оның қолданылуын меңгеруді қамтамасыз ету. Мектеп математика мұғалімдеріне қолданбалы және практикалық бағытталған білім беруді ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктер бар. Математиканы қолданбалық бағытта оқыту математикалық ойлауды қалыптастырады. Математика пәні мұғалімінің басты міндеттерінің бірі-әрбір оқушының өз мүмкіндігін, қабілетін, икемдігін көрсетуіне жағдай жасау, білім дәрежесін барынша жетілдіру деп ойлаймын. Бұл істі жүзеге асыру үшін әр оқушының жеке басының белсенділігін дамыта білуіміз керек. Бұл принцип барлық оқушылардың белсенді қызмет етуіне жағдай жасау мен бірге олардың дербес ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Сабақта оқудың толғанысын, сөйлеу шеберлігін, ізденушілігін, байқампаздығын арттыру мақсатында оқыту қарым-қатысының барлық түрі топпен, жұппен және жеке баламен жұмыс түрлері жүргізіледі. Өзін-өзі оқыту - оқушы белгілі бір өздік жұмысты (есеп шығарады, зерттеу жұмысы) орындап, оның нәтижелері туралы жазбаша есеп береді.

Жаңартылған білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс – тәсілдері: белсенді оқу, бірлескен оқу, модельдеу, саралау, т.б. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, жеке, топта жұмыс жасай білу, функционалдық сауаттылықты шығармашылықпен қолдана білу. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Мұғалім шеберлігі қандай болса да, оқушының өз белсенділігін арттыра алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді.

Америкадық педагог - математик Д.Пойа былай деген екен: «математиканы білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда стандарттық есептерді ғана емес ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару». Олай болса сабақта оқушы белсенділігін арттырудың бір тәсілі ойлау әрекетін жандандыратын математикалық есептерді таңдап алу және есеп шығарудың әдістемелік жақтарын үйрету. Өз тәжірибемде қолданып жүрген тәсілдерімнің бірі:

күрделі есепті бірнеше өзара тәуелсіз қарапайым есептерге бөле алу, сосын соларды шешіп, шешімдерін біріктіру арқылы күрделі есептің жауабын табу. Мұндай күрделі есептерді 3 түрге бөлуге болады: біріншісі – берілген есептің шартын бөліктерге бөліп, қарапайым есептердің жауаптары басқа есептерге параметр ретінде беріліп, күрделі есептің жауабы табылады (тізбекті), екінші - жалпы есептің жауабын табу үшін барлық қарапайым есептің шешімдері қатар қолданылады (параллельді) немесе екеуі де қолданылады (аралас). Мысалы: Асан мен Болат 9,6кг печенье және 8,4кг конфетті 16200тенгеге сатып алды. Бұзылып кету себебінен магазин оларға 26/9кг печенье және 10/3кг конфеттің бағасын қайтарып берді. Егер 1кг печенье мен 1 кг конфет бағасы бірдей болса, магазин оларға қанша тенге қайтарды?(тізбекті есеп мысалы). Мұнда есептің жауабын табу үшін бірінші 1кг тәттілердің бағасын тауып, оны қайтарылып берілген печенье мен конфеттің салмағына көбейтуіміз керек. Яғни бұл есепті екі кіші есепке бөлуге болады: біріншісі – 1кг печенье немесе конфет бағасын табу; екіншісі – (26/9 +10/3)х өрнегін ықшамдап, табылған бағаны орнына қойып есептеу.

Асан және Болат 1кг-ы 900тг тұратын бірнеше кг печенье мен конфет және 1л 400тг болатын алма мен алмұрт шырынын сатып алды. Бұзылып кету себебінен магазин оларға 26/9кг печенье және 10/3кг конфеттің, 6/4л алма және 7/8л алмұрт шырынының бағасын қайтарып берді. Асан мен Болат қанша сомма қайтарып алды? (параллель) Бұл есепті шығару үшін оны екі бөлек қарапайым есеп ретінде шығарып, жауаптарын қосуға болады. Біріншісі: бағалары бірдей печенье мен конфеттен қанша қайтарғанын есептеу; екіншісі: шырындардан қайтарылып алған сомманы есептеу. Бұл екі есеп бөлек-бөлек шығарылып болғаннан кейін, олардың жауаптарын қосу арқылы бастапқы есептің шешімін аламыз.

Асан мен Болат 9,6кг печенье және 8,4кг конфет 16200тг-ге, 4,8л алма мен 5,6л алмұрт шырынын 4160тг-ге сатып алып, бұзылып кету себебінен магазин оларға 26/9кг печенье және 10/3кг конфеттің және 6/4л алма және 7/8л алмұрт шырынының бағасын қайтарып берді. Егер печенье мен конфеттің бағасы және алма шырыны мен алмұрт шырынының бағалары бірдей болса, магазин оларға теңге қанша қайтарып берді? (аралас). Егер x_1, x_2 x^2-5x+6=0 теңдеуінің түбірлері болса, $x_1^2 + 3x_2^{\,2}$ өрнегінің мәнін табыңыз. (тізбекті), егер $x_1 = 2$, $x_2 = 3$ болса, $3x_1^2 - x_2$, $x_2^3 - x_1^2$ және $5x_1^3 - 5x_2^2$ өрнектерінің қайсысының мәні ең кіші болады. (параллель). т.б мысалдар көптеп келтіруге болады. Біз шартты түрде бөлген есептің бөліктерін өмірлік мысалдарға жақын етіп күрделендіріп, берілген заттар саннын өсірсек, - мұндай әдістің артықшылығы ерекше байқалады. Бұл әдістің артықшылығы тасада қалған оқушы болмайды, топтағы оқушылар бос отырып қалмай бөліктерді әрқайсысы шығарып, сабаққа түгелдей дерлік қатысады. Топ ішінде өзара әрекет жасап, жаңа материалды түсіндіріп, оны талқылап, өзінің іс-әрекетін бағалап, сөйлеуге әзірленеді. Оқушылардың оқуға белсенділігі артады. Сонымен қатар, оқушылардың сөйлеу дағдылары, топ ішіндегі тығыз қарым-қатынасы нығая түседі.

Есеп шығару барысында ғана оқушылардың жан-жақтылығы: математикалық тұрғыда есептерді шешу жолдарын алдын-ала болжауы, жүйелі түрде еңбекке дағдылануы, білімге деген жауапкершілігі, алған білімді одан әрі шыңдауға ұмтылуы, өз бетінше жұмыс істеуі, ізденуі және шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім берудегі негізгі мәселе − оқу-тәрбие процестерінің жаңа ғылыми − әдістемелік, ұйымдастырушылық парадигмасын тиімді жүзеге асыру болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев еліміздің білім саласын, жастардың рухани даму мен саулығын жетілдіру мәселесін ешқашан сырт қалдырған емес. Оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес, – Оқушы – болашақтың азаматы, ол өз біліміне сенімді болуы және оны дәлелдей білуі керек. Өйткені, бүгінгі мектеп қабырғасында алған білім болашақта баланың өз орнын табуының алғышарты болмақ. Бұл ретте мұғалімнің алтын орны ерекше бдлуы керек. Баланың дарынын ашу жолында ұйымдастырылатын шаралар да аз емес. Қалай дегенмен, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашып, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіріп, олардың өзіне деген сенімін нығайтып, бір сөзбен айтқанда, өмірде өз жолын өзі таңдауына түрткі болатын алдымен ұстаздар.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.

УДК 373.2:51

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ, ПОСВЯЩЕННЫХ МЕТОДИКЕ ОБУЧЕНИЯ ЭЛЕМЕНТАМ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

Бабанова А.Т.
E-mail: babanova1@mail.ru
Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова

На сегодняшний день в высших учебных заведениях Казахстана действует кредитная система обучения, которая дает студентам возможность самостоятельно выбирать специальные курсы по выбору для дальнейшего изучения предметов, но обязательные компоненты базовых дисциплин, к которым относится математический анализ, остаются запланированными и неизменными.

Элементы математического анализа сравнительно недавно вошли в содержание курса математики средней школы. Впервые теория пределов начинает изучаться в курсе алгебры 9 класса с 1949 г., а проект программы по математике 1956 г. включает уже тему «Учение о производной». С 60-х г. прошлого века элементы математического анализа стали неотъемлемой частью содержания алгебры в старших классах [6, с.286].

В современной научно-методической литературе обсуждаются различные походы к построению и преподаванию алгебры и начал анализа в средней [3, 4, 5] и высшей [7,8] школах.

В 1912 г. вышла первая в России методическая разработка по преподаванию математического анализа «Материалы по методике анализа бесконечно малых в средней школе» М.Г. Попруженко [2].

За прошедший период выполнено достаточно большое количество диссертаций по тем или иным аспектам изучения элементов математического анализа в школе и в вузе.

Обзор их тематики позволяет выделить основные направления современных исследований, посвященных содержанию и методике обучения элементам математического анализа.

1.Совершенствование обучения математическому анализу студентов-будущих учителей математики в педвузах на основе**:** интенсификации (С.С. Тасмуратова, М., 1997); алгоритмического подхода (С.М. Мумряева, Саранск, 2001); организации самостоятельной деятельности студентов (Н.В. Перькова, СПб, 2002; О.В. Генкулова, М., 2004); технологического подхода (М.А.Меркулова, М., 1999; О.В.Скворцова, Новосибирск, 2003; Ф.Л.Осипов, Новосибирск, 2004; Г.Л. Барбашова, Н. Новгород, 2005); дифференциации (Т.И.Шахматова, Саранск, 2004); изучения и предупреждения частно-методических затруднений студентов (О.С. Викторова, Ростов-на-Дону, 2005); наглядности как средства управления познавательной деятельностью студентов (Н.В.Щукина, Омск, 2005); развития продуктивного мышления студентов (Ю.А. Семеняченко, М., 2006) и др.

2.Предметно-методическая подготовка будущих учителей математики в педвузах к преподаванию элементов математического анализа в школе, рассматриваемая в аспекте: профессионально-педагогической направленности (А.Г.Мордкович, докторская диссертация, М., 1986); обучения интегральному исчислению с использованием информационных технологий (О.Е. Белова, Красноярск, 2006); формирования приемов поисково-исследовательской деятельности (Т.П. Куряченко, Омск, 2006); методики изучения на практических занятиях (М.В. Шуркова, М., 2008); фундаментализации образования (С.И.Калинин, докторская диссертация, М., 2009) и др.

3.Методика изучения элементов математического анализа в общеобразовательной школе в аспекте: дифференцированного подхода к учащимся (М.И.Немытова, М., 1984; Т.Н. Терешина, М., 1996); использования задач графического содержания (П.Г. Сатьянов, М., 1984); формирования прогностического умения учащихся (М.А. Артемова, СПб, 1994); определения целесообразности уровня строгости при проведении обоснований (А.А.Ершова, М., 1994); использования различных форм представления его фундаментальных понятий (И.В.Красильников, СПб, 1997); реализации когнитивно-визуального подхода (О.О.Князева, Омск, 2003); реализации идейного потенциала (С.З. Кенжалиева, Ростов-на-Дону, 2004); формирования познавательного интереса учащихся (И.И.Карякин, Волгоград, 2004);

деятельностно - смыслового подхода в контексте развивающего обучения старшеклассников (Э.К. Брейтигам , докторская диссертация, Омск, 2004); формирования культуры математической речи учащихся (Д.В. Шармин, Омск, 2005); уровневой дифференциации на основе системы задач (Т.А. Сентябова, Омск, 2007; А.А. Максютин, Саранск, 2007; В.И.Снегурова, СПб, 1998); индивидуализации с использованием компьютера (Г.В. Ходякова, СПб, 1993; С.В.Карпухина, Рязань, 2009) и др.

4.Преемственность в изучении элементов математического анализа: внутрипредметные и межпредметные связи при изучении математического анализа в techinstitute (Н.М.Новак, М., 1993); в системе «школа-вуз» (Ю.В.Сидоров, докторская диссертация, М., 1994); с учетом взаимосвязи изучения начал анализа и физики (В.И. Алексенцев, М., 1997); в системе «колледж – вуз» (М. Е. Ткаченко, Новосибирск, 2004) и др.

5.Методика изучения элементов математического анализа в профильной школе в аспекте: прикладной направленности в инженерно-физических классах (И.А. Иванов, СПб, 1997); использования компьютера для классов гуманитарного профиля (Е.Е. Хвостенко, Махачкала, 2000); использования симметрии для классов с углубленным изучением математики (М.Ю. Табачкова, Саранск, 2002); специфики классов естественно-научного профиля (П.И.Самсонов, М., 2004); особенностей профильной школы (М.В.Васильева, Орел, 2004); проектирования и реализации элективных курсов (А.А. Федорова, М., 2009) и др.

В связи с переходом на новые стандарты общего образования и двухуровневую систему математического образования в вузах существенно меняются цели и содержание образования, которые в свою очередь оказывают влияние на остальные компоненты методической системы обучения математике (формы, методы, средства, технологии). С другой стороны, в связи с компьютеризацией и информатизацией, оказывающих также влияние на остальные компоненты методической системы, по-новому встают актуальные проблемы методов и форм реализации гуманитарно-ориентированного содержания, активизации учебно-познавательной деятельности учащихся и студентов, организации их самостоятельной работы, формирования у них компетенций.

Немаловажное значение приобретают проблемы реализации преемственности между школьным курсом алгебры и начал анализа и курсом математического анализа для бакалавриата; между курсами математического анализа для бакалавриата и магистратуры (в рамках математического образования).

Список литературы

1.Бабанова А.Т., Утеева Р.А. О целях и задачах обучения математическому анализу в педвузе / Совершенствование математического образования в общеобразовательных школах, начальных, средних и высших профес. учеб. заведениях: Материалы V межд. науч.-метод. конф. 25-26 марта 2008 г.- Тирасполь, изд-во ПГУ, 2008. С. 31-34.

2.Каким видел М.Г. Попруженко курс математического анализа в школе (фрагменты из книги Михаила Григорьевича Попруженко «Материалы по методике анализа бесконечно малых в средней школе» изданной в 1912 году) // Математика в школе, 2003, №1. С. 59- 69.

3.Колосов В. Углубленное математическое образование / Математика, 2004.- №4. - С. 2-7; №5. – С. 7,9.

4.Марнянский И.А. Элементы математического анализа в школьном курсе математики: Пособие для учителей. – М.: Просвещение, 1964. - 143 с.

5.Мордкович А.Г. Беседы с учителями математики.- М.: Школа-Пресс, 1995.- 272 с. (Б-ка журнала «Математика в школе»).

6.Методика преподавания математики в средней школе. Частные методики. Учеб. пособие для студ. физ.-мат. фак. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1977. - 480 с.

7.Методическая система изучения курса математического анализа (для педагогических ун-тов). Ч. 1 / А.И. Нижников, В.М. Монахов, Т.К. Смыковская, М.А. Меркулова. – М.: РИЦ «Альфа» МГОПУ, 1999. – 190 с.

8.Чучаев И.И., Мещерякова С.И. О преподавании математического анализа будущим учителям математики /Математика в образовании: 200 лет высшему математическому образованию России: Сб. статей /Под ред. И.С. Емельяновой. Чебоксары: Изд-во Чуваш. Ун-та, 2005. С. 114- 119.

УДК 371.3:51

МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Султанбаева Ж.С.
E-mail: beknur.dzhandarbekov@mail.ru
М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

XXI ғасыр-қарыштап дамыған білім ғасыры. Ғылым мен білімнің дамуына қызмет ету – еліміздің болашағына қызмет ету. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Еліміздің ертеңі–бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры–ұстаздардың қолында», «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін -білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсарин бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Сындарлы оқыту туралы түсінік оқушыға накты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім–біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді.

Сындарлы оқытуда оқушы өз бетінше білім алуды ұйымдастырады, сын тұрғысынан накты, мақсатты шешім қабылдауға үйренеді, оқушылар кез-келген сұраққа өмірден мысал келтіре отырып салыстырып жауап береді.

Сындарлы оқыту бағдарламасында өзіме қатты әсер еткені–бағалау жүйесіндегі өзгерістер болды. «Бағалау» термині латын тілінен аударғанда «жақын отыру» дегенді білдіреді. Бұл бағдарламада оны қалыптастырушы (формативті) және жиынтық (суммативті) бағалау деп екіге бөліп қарастырылады. /Нұсқаулық 56-57 бет/ Мұғалімдер оқуды бағалаумен қатар, оқыту үшін бағалауды пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады.

Бағалаудың маңыздылығы оқытуды және білім беруді жетілдіру проблемаларын шешудің маңызды мәселесіне айналды.

Бағалау мәні өзінің дербес ойлауын түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау білім беру мен оқытудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Мұғалімдер мен балалар үшін өздерінің қандай мақсатқа жетуін көздейтінін, мақсатқа жету өлшемдерін түсіну не үшін керек екенін білуі маңызды. Осыған байланысты бағдарламада критерий арқылы бағалау тәсілдері де қарастырған. Мұғалімге арналған нұсқаулықты оқу барысында мен бағалау мақсаттарын анықтауда өзімнің пәнім бойынша қажетті деп тапқан тұстарым болды. Осы тақырып бойынша алған білімімді тәжірибемде ұштастыру мақсатында тәжірибе кезеңінде сабақтарымда формативті бағалауды жүзеге асыруға және оны оқушыларға түсіндіруге тырыстым.

Оқыту үшін бағалау - бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

«Қалыптастырушы бағалау» - сыныпқа кіріп келген бойда балаларға жақсы сөз айту, қолпаштау, қошеметтеу, кез келген пікірін атап өту, қолдау көрсету т.б. Яғни бағалау балаларды ынталандыратын педагогикалық тәсіл екені белгілі болды. Бұл бағалау – балаларды қолдаудың тәсілі ретінде сабақтың өн бойында жүріп отырса сабақ табысты болады.

Математика сабақтарында оқушы есептердің мазмұнын жақсы түсінуі тиіс. Содан әрі оның ойлау қабілеті дамып, есептерді қандай амалдармен, қалай шығарамын деген ой туындайды. Есептерді салыстырады, толық талдау жұмысын жүргізеді, шешу жолдарын анықтайды, қорытындыға келеді. Осының әр кезеңі формативті бағалауға жатады, ал соңғы қорытынды баға жиынтық (суммативті) бағалау болады

Сабақта формативті және суммативті бағалау жүйесін қолданудағы мақсатым өзім сабақ беретін 6а сыныбында математика пәнін оқытудың қиындықтарын анықтау; кері байланыс орнату арқылы мотивация беру және ынталандыру арқылы білімді түсіну дағдыларын қалыптастыруларына, өз бетімен жұмыстануларына, өзара, өзін-өзі бағалауларына мүмкіндік жасау.

Әр сабағымның басында қалыптастырушы бағалауды қолданып отырамын. Мысалы, «Көңіл-күйлерің қалай? Бүгін барлықтарыңның сабаққа деген құлшыныстарың, ынталарың қандай екен?». Сондай – ақ, әр сабақтың басында жаңа сабақтың табыс критерийін оқушылармен бірлесіп құрып отырамын. Себебі, оқушылар бағалауға мұғаліммен бірге қатысатын болғандықтан олар табыс критерийлерін білулері керек. Бұл оқушылардың сабақ барысында не істейтінін, не талап етілетінін, нені білулері тиіс, неге қол жеткізулері керектігін, сонымен қатар өз-өздерін бағалай білуге ықпалы зор.

«Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеу» тақырыбындағы сабағымда үй тапсырмасын тексеру кезінде оқушылар қасындағы көршісімен дәптерлерін алмастырып интербелсенді тақтада алдын ала дайындалған критерий бойынша жұптық жұмыс арқылы өзара бағалады. Үй тапсырмасын орындауда 5-6 қате болса 1 ұпай, 3-4 қате болса 2 ұпай, 1-2 қате болса 3 ұпай, ал мүлдем қате болмаса 4 ұпаймен, яғни 4 ұпай-«5», 3 ұпай-«4», 1-2 ұпай-«3» деген бағалау шкаласы арқылы бағалады. Оқушылардың дәптерлерін үй жұмысын тексеру кезінде көз жүгіртіп қарап шығуымның нәтижесінде оқушылар жұптарын бағалау кезінде әділ болғандықтарын байқадым. Тұсаукесер бөлімінде жаңа сабаққа өту барысында «Серпілген сауал» әдісі арқылы қойылған сұрақтарға оқушылар жауап берген жағдайда қолдарын шапалақтап бір-бірін мадақтап отырды, сондай-ақ мен де «Жарайсың», «Тамаша», т.б. сөздермен мадақтап отырдым. Бұл оқушыларда сенімділікті қалыптастырып, өзін-өзі реттеп оқушының метатанымдық қабілеттерін арттырады. Негізгі бөлімде жаңа сабақты оқушылар «Еркін талқылау» әдісі арқылы топта талқылауда «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» арқылы топтар өзара бағалады. Бағалау барысында екі жақсы ұнаған жерін айтып, топ жұмысын бағалайды және бір ұсыныс айтып, әрі қарай жетілдіруге бір–біріне бағыт–бағдар береді. Бұл кезде топтар өздеріне көрші топтардың жақсы жақтарын айтып ұсыныстар айтты. Осы кезде маған кездескен кедергі оқушылар бір–біріне айтқан ұсынысты дұрыс қабылдағысы келмеді, өздерінің жазғандарының дұрыстығын дәлелдегісі келді. Бұл жерде оқушылар айтылған сынды дұрыс қабылдай алмай отыр. Осы кедергіден шығу үшін мен әр топқа өзімнің 2 жұлдыз, 1 ұсынысымды айтып, топ болып талқылауға және оқушыларға қандай сынды болмасын ой елегінен өткізіп қабылдау керектігін түсіндірдім. Осы арқылы оқушылардың өз беттерімен реттелуіне әсер ете аламыз. Есеп шығару барысында топшамада әр топқа жұптасып шығаруға талантты және дарынды оқушыларға кеңейтілген тапсырмалар (А, В, С тобының есептері) берілді. Бұл жерде де есептердің шығарылуы бойынша бағалауы алдын ала «+» барлығы дұрыс, «±» жартылай дұрыс, «-» мүлдем дұрыс емес критерий бойынша дайындалды. Әр оқушы өзінің мүмкіндігіне қарай тапсырмаларды таңдап, орындап, өзінің қай деңгейдегі тапсырманы орындай алатындығын және ол деңгейдегі орындаған тапсырмаға қандай баға алатынын біліп отырады. Сабақ барысында орындаған тапсырмалары бойынша оқушылар өзін–өзі мынадай критерий бойынша бағалады: 11-14 ұпай - «5», 7-10 ұпай - «4», 2-6 ұпай - «3». Бұл картада сабақтың барлық этаптары көрсетілген. Осы картаны толтыру барысында балалар жаңа сабақты қаншалықты меңгергендіктері туралы анық көрініп тұрды. Осы сабақта оқушылар бірін-бір шынайы бағаламады. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауда шынайы бағалауын қараған кезде жауап парағында өздерін жоғары бағалаған оқушылар болды. Олардың жауаптарын сыныппен талқылап, өздерін әділ бағалау керектігін түсіндірдім.

«Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеудің графигі» тақырыбындағы сабағымда тақырыпты бастамас бұрын кіріспе бөлімінде балаларға бірден бағалау өлшемін ұсындым. Осы өлшемдер негізінде сабақ соңында бағаланатындары ескертілді. Осы өлшеммен танысқаннан кейін балалар өздерінің ойларын жинақтай бастағанын байқадым. Балалар өздерін көрсетуге тырысты, дұрыс баға алуға ұмтылыс пайда болды деп ойлаймын. Сабақ үстінде жұмыстану барысында қабілеті төмен оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын ортаға салды, тақтаға шығуға құлшыныстары оянды. Жаңа білімді «Үш қадамдық сұхбат» әдісі арқылы талқылап, топтар өзара «Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы бағалады. Мұнда оқушылар топтарға не ұнады; не нәрсені жақсарту керек; маған ұнады, бірақ келесі жолы … деген сын және келешекке арналған комментарий айтты. Бұл кезде бағалау түрлерін шатыстырулары байқалды. Мысалы, «Мадақтау сэндвичі» мен «2 жұлдыз, 1 ұсыныс». Екі бағалау түрінің сынып бөлмесінде ілулі тұрған шарттарын еске түсіруді ұсындым.

Алдыңғы сабақпен салыстырып қарағанда екінші сабақта оқушылардың сынды қабылдауға дайын екендіктері көрінді. Есептер шығару барысында оқушылар көрші топтарды

«Басбармақ» әдісі арқылы бағалады. Бұл бағалау түрі оқушылардың бір-біріне деген қолдаулары арқылы ынтымақтастықтарын арттыра түсті. Сондықтан бұл бағалауды алдағы сабақтарымда тапсырма түрлеріне қарай үнемі қолдану керек деген ой түйдім.

Бағалауды жеке жұмыстану кезінде өзін-өзі бағалау үшін қолдандым. Оқушыларға жеке жұмыстануға «Маршруттық карта» арқылы есептер беріп, тапсырманы орындаудың критерийлері бойынша бағалаттым:

1. Теңдеудің қасиетін қолданып, теңдеуді шеше аламын. 2 балл
2. Ординатасы бойынша абсциссасын, абсциссасы бойынша ординатасын таба білемін. 3 балл
3. Теңдеудің графигін тұрғыза білемін. 2 балл
4. Тапсырманы уақытқа сай орындадым. 1 балл

Балдды бағаға айналдыру шкаласы: 8-7 – «5», 6-5 – «4», 4-3 - «3», 2-0 – «2». «Маршруттық карта» жұмысын бағалағанда оқушылар шынайылық көрсетті. Өйткені, алдын ала берген бағалау критерийінде қанша сұраққа қанша балл алатыны айқын көрініп тұрды, екіншіден, балға байланысты баға да айқын болды.

Оқушылардың бірін-бірі, өзін-өзі бағалаудың тиімділігі-ынталандыру, өз-өзіне сенімділігін арттыру, қолдау арқылы ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, жасаған еңбегінің жемісін көрсетуге септігін тигізетіндігін түсіндім.

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тексергенде баға қоймастан бұрын қателерге түсініктеме жазып, есепті дұрыс шығару үшін бағыттау, дұрыс орындалған тапсырмалары үшін мадақтауларды жүргізіп отырдым. Осыған дейінгі тәжірибемде мұғалім оқыту процесінде жалғыз өзі бағалаушы, оқушының сабақ туралы пікірі сұралмайды. Ал сындарлы оқыту бағдарламасында осыған аса зор мән берілген. Әсіресе сабақ соңында кері байланыс парағын толтырту немесе ауызша сұрау оқушымен қатар мұғалімнің де келесі сабақты қалай өткізуіне бағыт–бағдар береді. Кері байланыстың негізгі идеясы–оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандыру. Бағалау оқыту мен білім берудің ажырамас бөлігі болуы мүмкін деген ой біздің түсінігіміздегі едәуір өзгерісті талап етеді және оқыту үшін бағалау ұғымы дегеніміз де осы болып табылады (Нұсқаулық, 56 бет).

Болашақта сабақтарымда алда өзін-өзі бағалау және өзара бағалау, критериалды бағалауды қолдану арқылы жұмыстанамын деп көздеп отырмын. Себебі, бұл бағалау түрлері арқылы оқушылар өз-өздерін реттеп отырады және кері байланыс жасайды, өзіндік оқуға белсенді қатысады, бағалау нәтижесін ескере отырып, оқытуды өзгертеді, өзін-өзі бағалайды, өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатынын түсінеді.

Оқушы үшін табыс критерийлері:

- ✓ сыни тұрғыдағыдан ойлау дағдыларының қалыптасуы;
- ✓ өз ойын еркін жеткізе білуі;
- ✓ топтық жұмыстардағы белсенді көшбасшылық, ынтымақтастықтағы қарым-қатынас;
- ✓ бұрынғы алған білімдері мен жаңамен байланыстыра білу;
- ✓ Постерда жұмыс орындау,дереккөздермен жұмыс,табыс критерйилерімен ОүБ-ды білу

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкесоқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзімнің сабақтарымда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамын. Бұл модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012.
2. Интернет материалдары:www.com.kz.
3. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы

ӘОК 517.912

ПОЛИСАНДЫ СЫЗЫҚТЫ ДЕРБЕС ТУЫНДЫЛЫ ТЕҢДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Кенжебаева Ф.С., Абиров А.Қ., Каракенова С.Г., Тайшиева А.Ғ.
E-mail: fariza_20.01.95@mail.ru
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Мақалада бір дербес туындылы теңдеулер жүесінің комплекс және гиперболалық сандар жүйесіндегі шешімінің құрылымы қарастырылады.

Коммутативті, ассоциативті гиперкомплекс сандар сандар жүйесін – полисандар жүйесі деп атайды. Екінші ретті гиперкомплекс сандар жүйесі – полисандық болатыны белгілі.Екінші ретті комплекс және гиперболалық сандар жүйесінде мына дербес туындылы теңдеулер жүесінің шешімдерінің жиынының құрылымын қарастыралық:

$$\begin{cases} u\dfrac{\partial u}{\partial x} + v\dfrac{\partial u}{\partial y} + (p_1 u + p_2 v)u = 0, \\[2ex] u\dfrac{\partial v}{\partial x} + v\dfrac{\partial v}{\partial y} + (p_1 u + p_2 v)v = 0. \end{cases}$$

1. Комплекссандардың $\mathbb{C}$ жиынында $z = x + iy$ айнымалысының аналитикалық $F(z) = u(x, y) + iv(x, y)$ функциясы берілген жүйенің шешімі болсын, мұнда $i^2 = -1$.

Сонда Коши– Риманның мына

$$\frac{\partial u}{\partial x} = \frac{\partial v}{\partial y}, \quad \frac{\partial u}{\partial y} = -\frac{\partial v}{\partial x}$$

қатысын пайдаланып, берілген жүйеден мына екі жүйені аламыз:

$$\begin{cases} u\dfrac{\partial u}{\partial x} + v\dfrac{\partial u}{\partial y} + (p_1 u + p_2 v)u = 0, \\[2ex] -u\dfrac{\partial u}{\partial y} + v\dfrac{\partial u}{\partial x} + (p_1 u + p_2 v)u = 0. \end{cases}$$

және

$$\begin{cases} u\dfrac{\partial v}{\partial y} - v\dfrac{\partial v}{\partial x} + (p_1 u + p_2 v)u = 0, \\[2ex] u\dfrac{\partial v}{\partial x} + v\dfrac{\partial v}{\partial y} + (p_1 u + p_2 v)v = 0. \end{cases}$$

Бірінші жүйедегі теңдіктерді сәйкесінше u мен v және v мен $(-u)$ көбейтіп қосып, аламыз:

$$\begin{cases} (u^2 + v^2)\left[\dfrac{\partial u}{\partial x} + (p_1 u + p_2 v)\right] = 0, \\[2ex] \qquad (u^2 + v^2)\dfrac{\partial u}{\partial y} = 0. \end{cases}$$

Екінші жүйедегі теңдіктерді сәйкесінше $(-v)$ мен u және u мен v көбейтіп қосып, аламыз:

$$\begin{cases} (u^2+v^2)\dfrac{\partial v}{\partial x}=0, \\ (u^2+v^2)\left[\dfrac{\partial v}{\partial y}+(p_1u+p_2v)\right]=0. \end{cases}$$

Бұл жүйелердің шешімдерін $u^2+v^2\neq 0$ болатындай обылыста, қарастырамыз. Сонда, нөлдік емес ортақ көбейгішке қысқартып және алынған теңдеулер жүйесінің интегралдану шартын жазып аламыз:

$$\frac{\partial}{\partial x}(p_1u+p_2v)=\frac{\partial}{\partial y}(p_1u+p_2v)\Longrightarrow p_1u+p_2v=const.$$

Бұл жағдайдың жалғыз ғана шешімі $F(z)=\omega z+\omega_0$ болады, мұнда ω – кез келген нақты сан, ал $\omega_0=u_0+iv_0$ –кез келген комплекс сан.

2. Гиперболалық сандардың $\mathbb{H}_2$ жиынында $z=x+jy$ айнымалысының аналитикалық $F(z)=u(x,y)+jv(x,y)$ функциясы берілген жүйенің шешімі болсын, мұнда $j^2=-1$.

Гиперболалық сандар үшін Коши– Риман шарты мына түрде болады:

$$\frac{\partial u}{\partial x}=\frac{\partial v}{\partial y},\quad \frac{\partial u}{\partial y}=\frac{\partial v}{\partial x}$$

Сонда Коши– Риман қатысын пайдаланып, берілген жүйеден мына екі жүйені аламыз:

$$\begin{cases} u\dfrac{\partial u}{\partial x}+v\dfrac{\partial u}{\partial y}+(p_1u+p_2v)u=0, \\ u\dfrac{\partial u}{\partial y}+v\dfrac{\partial u}{\partial x}+(p_1u+p_2v)u=0. \end{cases}$$

және

$$\begin{cases} u\dfrac{\partial v}{\partial y}+v\dfrac{\partial v}{\partial x}+(p_1u+p_2v)u=0, \\ u\dfrac{\partial v}{\partial x}+v\dfrac{\partial v}{\partial y}+(p_1u+p_2v)v=0. \end{cases}$$

Бірінші жүйедегі теңдіктерді сәйкесінше v мен u және u мен v көбейтіп азайту арқылы мынаны аламыз:

$$\begin{cases} (u^2-v^2)\left[\dfrac{\partial u}{\partial x}+(p_1u+p_2v)\right]=0, \\ (u^2-v^2)\dfrac{\partial u}{\partial y}=0. \end{cases}$$

Екінші жүйедегі теңдіктерді сәйкесінше $(-v)$ мен u және u мен v көбейтіп қосып, аламыз:

$$\begin{cases} (u^2-v^2)\dfrac{\partial v}{\partial x}=0, \\ (u^2-v^2)\left[\dfrac{\partial v}{\partial y}+(p_1u+p_2v)\right]=0. \end{cases}$$

Бұнда $u^2 - v^2$өрнегі $u = \pm v$ түзуініңбойындағы нүктелерде нөлге тең. Гиперболалық сандар жүйесінде нөлдің бөлгіштері болатындықтан, жоғарыдағы әдістемені пайдаланып, әр түрлі үш шешімді аламыз:

$$F_{(0)} = \omega z + \omega_0,$$

мұнда ω – кез келген нақты сан, ал $\omega_0 = u_0 + jv_0$ – кез келген гиперболалық сан;

$$F_{(1)}(z) = f_{(1)}(x + y)(1 + j),$$

мұнда $f_{(1)}(\xi)$ – бір нақты айнымалының кез келген функциясы;

$$F_{(2)}(z) = f_{(1)}(x - y)(1 - j),$$

мұнда$f_{(2)}(\xi)$–бір нақты айнымалының кез келген функциясы.

Енді гиперболалық сандар жүйесінде ψ – базсінқарастыралық:

$$\psi_{1,2} = \frac{1}{2}(1 \pm j), \qquad \psi_1\psi_1 = \psi_1, \qquad \psi_2\psi_2 = \psi_2, \qquad \psi_1\psi_2 = 0;$$

$$x + jy = (x + y)\psi_1 + (x - y)\psi_2 = \xi^1\psi_1 + \xi^2\psi_2.$$

Сонда соңғы екіX– функциялар мына түрге келеді:

$$F_{(1)}(z) = 2f_{(1)}(\xi^1)\psi_1, \qquad F_{(2)}(z) = 2f_{(2)}(\xi^3)\psi_2,$$

мұнда$\left|F_{(1)}(z)\right| = 0$, $\left|F_{(2)}(z)\right| = 0$.

Сонымен, $\mathbb{H}_2$ жиынындағы гиперболалық айнымалының аналитикалық X–функцияларының құылымы, комплекс айнымалы функциялардың құрылымына қарағанда көбірек және әр түрлі болады. Бұл $\mathbb{H}_2$ жиынында нөлдің бөлгішінің бар болуымен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абиров А. Қ., Кенжебаева Ф. Гиперкомплекс айнымалы дифференциалдық теңдеулер // Ибрашев Хасен Ибрашұлының 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақстандағы математика – өткені және болашағы» атты халықаралық ғылыми – әдістемелік конференция материалдары. Алматы. 2016, 121 – 122 б.

2. ПонтрягинЛ. С.Обыкновенные дифференциальные уравнения. – М.: Наука,1974.

УДК 004

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Отамбетова А.А.
E-mail: aliya_otambetova@mail.ru
М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет.
Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі біздің заманымыз – Қазақстанның көркеюі үшін оқушылардың таланты мен қабілетін ашып, оларды оқыту барысында дамыту өте маңызды. Қазіргі кезде жаңа технологияны меңгеруде ұстаздар үшін өзекті мәселе бұл – жан-жақты дамыған, тәрбиелі, білімді, шығармашыл, ізденімпаз, қоғамда өз орыны бар тұлға қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасының негізгі мақсаты: білім беру жүйесінің барлық деңгейінде қоғамның талаптарына сәйкес білімді, кәсіби біліктілігі жоғары тұлғаны тәрбиелейтін бәсекеге қабілетті білім негізін қалыптастыру. Бүгінгі таңдағы ұстаздардың міндеті мемлекет дамуына жауапкершілік жүгінің салмағын сезінетін нарық жағдайында сынаққа төтеп беретін, комуникативті, функционалды шәкірт дайындау. Қазіргі заманға сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім–ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Мұғалім иннотехник инновациялық технологияларды жетік меңгерген педагог дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойын ша қандай тарауға, не тақырыпқа пайдалану тиімді деген зерттеу жүреді. Яғни, әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан сабақ барысында қолдану өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, қандай тарауға немесе тақырыпқа сай қарап тиімді технологияны таңдайды.

Кембриджді оқытудың әдіс-тәсілінің негізгі міндеті – мұғалімдерге педогогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманағы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылады.

Ақпараттық–коммуникативтік технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, информатика пәнінің ролы ерекше. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Осы инновациялық технологияны пайдалану барысында информатика пәнінен оқушылар сыни тұрғысында ойлау әдісі мұғалім қызметінде ұйымдастыра отырып, оқушыларды жеке, топпен жұмыс жасау негізінде білім алуымен ұштасады. Бұл әдістердің ерекшелігі оқу әдісінде қолданылады. Осы технологияны пайдалу барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары өзгеріп, өз бетінше ізденіп, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің артқаны байқалады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны пайдаланудың мәні компьютерлік техниканың мүмкіндіктерін баланың жеке тұлғасын дамыту проблемасының маңына топтасқан дидактикалық–әдістемелік проблемалық міндеттерді шешуге бағындыру болып табылатындай. Сондай-ақ педагогтың компьютерлік сауаттылығы ақпараттық – коммуникативтік технологияны пайдаланудағы жеке тәжірибесін тұжырымдау есебінен сапалы түрде артады.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Осы орайда келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан–жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, осы технологияларды пайдалану барысында қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға, дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білетін тұлға екендігін байқауға болады.

Информатика сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мемлекеттің рөлі тәуелді болады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз.

Оқытудың ақпараттық-коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

а) электронды оқулықтар;

ә) телекоммуникациялық технологиялар;

б) мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар;

в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Информатика сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

оқушының өз бетімен жұмыс жасауы;

аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;

білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;

шығармашылық есептер шығару кезінде ақпараттық процестерді түсіндіру арқылы жүзеге асыру;

қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;

экономикалық тиімділігі;

іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйрену;

оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Электрондық білім беру пайдалану арқылы даралап оқытуға ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

1. Мультимедиялық мүмкіндіктерді қолдау(музыкалық немесе дикторлық дайындау, анимация бейне-клиптер, слайд-шоу).

2. Жүйенің басқару құрылымы – оқытушы өз ойын, көзқарасын, өз кезегіндегі материалдық ұсынылымын, әртүрлі аудиторияға бір ғана оқу мәліметтерін ұсынуға мүмкіндік алды.

3. Білімді бақылау арқылы нәтиже алу, бағалау. Ақпараттық технологияны сабақтарда пайдалану нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткіземіз.

1. Сөзжұмбақ, кестелерді құру үшін дербес компьютерді қолдану арқылы материалдарды өңдеу.

2. Барлық тілдердегі сөздерді сауатты жазу мен көркемдеп безендіруді үйретеді.

3. Дербес компьютерді пайдалану арқылы оқушылардың өзіндік және жұмыс жасауды игеру мен білім алуды кеңейту.

4. Интернет желісін пайдалану арқылы оқушылар электрондық пошта арқылы хат-хабарлама алмасу, өзінің ойын еркін жеткізу.

Сонымен қатар, оқушылар интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады, оқушының оқу белсенділігі артады, сабақтың негізгі кезеңдерінің бәрінде оқушыларға шығармашылық жұмысты ұсынуға болады. Әр пәндерді оқытуда интернетті сабақта пайдаланудың негізгі артықшылығы сол жан-жақты ақпараттар алу. Интернетті сабақта пайдаланғанда электронды оқу курстарымен оқушы жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Орыс педагогі К. Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйене отырып, компьютерлік бағдарламалардың қолданылуының үш негізгі формасын бөліп алуға болады:

1) компьютерлік қолдаумен жүретін сабақтар;
2) оқушылардың бағдарламамен өздік жұмысы;
3) қашықтан оқыту (мұғалім мен оқушының компьютерлік торап арқылы өзара іс-әрекеті).

АКТ-ны қолдану сабақтарында, басқа сабақтардағы сияқты, мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тура келеді:

– дидактикалық (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау);
– әдістемелік (тақырыпты беруде АКТ-ны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою);
– ұйымдастырушылық (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуді болдырмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру);
– оқыту (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту).

Қай заманда болсын өзінің атқаратын қызметіне қарай, жеке қасиеттерінің көптүрлілігіне орай, өзіне міндеттелген талаптарға сай, оқытушы мамандығы басқа мамандықтарға қарағанда ең қиын және ең ізгілікті мамандық болып саналады. Себебі, мұғалімнің негізгі міндеті жер жүзіндегі ең құнды дүние - адамды кемелдендіру болып табылады. Оқушы жүрегінен орын алатын педагог рухани бай, зиялы және шығармашыл тұлға болуы қажет.

Қорыта келгенде, информатика сабағында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану, осы электрондық әдістемелік оқу құралында айтылған мәліметтерді сабақта пайдалану өте тиімді, ол оқушының өз бетімен жұмыс жасауына көмектесіп қана қоймай, ойлау қабілетін дамытады. Бұл, әрине оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі асерлі.

Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде әдістемелік оқу құралын сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абдикаликов К.А. – техникалық ғылымдардың докторы, профессор, С.Баишев атындағы Ақтөбе университеті

Абдикаликова Г.А. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындығы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Абдикаликова Г.А. – аспирант, Новосибирский Государственный Университет

Абиров А.Қ. - ф.-м.ғ.к., доцент, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Айғабыл М.А. - аға оқытушы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Айтенова Г.М. - Жаратылыстану ғылымдарының магистрі, PhD-доктарант, Қ.Жұбанов атындығы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Акимова С.М. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Амантурлина Г.К. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Арганчаева Н.К. – оқытушы, Орал максат медициналық колледжі

Асанова А.Т. - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім және Ғылым министрлігінің математика және математикалық модельдеу институтының дифференциалдық теңдеулер бөлімінің бас ғылыми қызметкері

Аюпова А.М. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Бабанова А.Т. - магистрант, Западно-Казахстанский государственный университет имени М.Утемисова

Бекешев Т.К. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Бекчурина А.Т. - оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Бердымуратова Н.Н. - оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Бибасарова Д. – магистрантка, ЗКАТУ им.Жангир хана

Габшакирова Т.М. - математика және информатика пәндерінің мұғалімі, техника ғылымдар магистрі, Орал қаласының №30 жалпы орта білім беретін мектебі

Давлетова А.Х. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қаласы

Джамбулова Ж.М. - оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Еркинова А.М. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Ерментай М.С. – аспирант, Новосибирский государственный университет

Жакиев Н.К. - физика бойынша PhD, National laboratory Astana Назарбаев университететеінің ғылыми қызметкері

Жубанышева А. - доцент кафедры Фундаментальной математики, Старший научный сотрудник Института теоретической математики и научных вычислений, Институт теоретической математики и научных вычислений Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева

Иксебаева Ж.С. - оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Ильясов И.И. – д.ф-м.н., Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова

Имаканова В.А. - учитель физики и информатики, первая категория, КГУ «Областная специализированная школа-интернат для одаренных в спорте детей»

Имангазиева Ж.К. - информатика пәні мұғалімі, Орал қаласының №3 жалпы орта білім беретін қазақ мектебі

Искалиева А.У. - аға оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Исмагулова Г.С. - математика пәні мұғалімі, Орал қаласындағы А.Тайманов атындағы №34 мектеп гимназиясы

Кажиакпарова Ж.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық уиверситеті

Кажмуханова Г.Ш. - аға оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Казбенова Д.А. - информатика пәні мұғалімі, Орал қаласындағы М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

Камкиева Ж.С. – аға оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Караева А.Р. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Каракенова С.Г., *Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

Каримова Д.К. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Касымова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Кенжегалиева М.С. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Кенжебаева Ф.С., - магистрант, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Көптілеуов Б.Ә. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Кузьмичева А.Е. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Кульжумиева А.А. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Курмашева Д.Н. - оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Куспанова Б. К. – физика пәні мұғалімі, Круглоозерный жалпы орта білім беретін мектебі, БҚО

Кушеккалиев А.Н. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ

Қоспанова Р. - физика пәні мұғалімі, Орал қаласындағы М.Маметова атындағы №27 физика – математика бағытындағы мектеп-лицейі

Маннапова Т.М. – оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Маулешова Г.С. - инженер исследователь, Институт математики им. С.Л. Соболев СО РАН

Маутеева С. М. – оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Махметова С.Б. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Медешова А.Б. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Миронов А.Е. - Главный научный сотрудник, член-корреспондент РАН, Институт математики им. С.Л. Соболев СО РАН

Мулдагалиев В.С. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Муратова Ж.М. – аға оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Мухамбетжанов С.Т. - Директор ДГП «ИПТ», д.ф.-м.н., член-корр. международной Инженерной академии, ДГП «Института прикладных технологий» при АГУ им.Х.Досмухамедова

Мухамбетова Г.Г. - аға оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Мухамбетова М.А. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Нариманова А.Ж. - аға оқытушы, магистр, Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық уиверситеті

Омарова Б.Ж. - PhD-докторант, Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова

Отамбетова А.А. - информатика пәні мұғалімі, Орал қаласындағы М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

Пономаренко Л.Н. – учитель физики, КГУ СОШ№12 города Уральска

Рахимова А.А. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Сариев А.Д. - профессор, к.ф.-м.н., Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова

Сартабанов Ж.А. - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Сулейменов А.Т. – магистрант, Западно – Казахстанский государственный университет имени Махамбета Утемисова

Султанбаева Ж.С. - математика пәні мұғалімі М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты

Сырымов Е.Ғ. – магистрант, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Сырым Ж.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Тайманов И.А. - физика-математика ғылымдарының докторы, академик, С.Л. Соболев атындағы РҒА СБ математика институты

Тайшиева А.Ғ. - математика ғылымдарының магистрі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Тлегенова Г.А. - математика пәні мұғалімі, «Бударин мектеп-бөбекжай кешені» КММ-сі

Тлегенова Ж.М. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Тлеккабылова Д.Ж. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Толғанбайұлы Т. - магистр естественных наук, Евразийский Национальный Университет имени Л.Н.Гумилева, Астана

Төлен А.Ж. – магистрант, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Уланов Б.В. - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Умирова А.С. – физика пәні мұғалімі, Орал қаласындағы М.Маметова атындағы №27 физика – математика бағытындағы мектеп-лицейі

Урынбаева Л.И. – оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Утегенова А.Т. - математика пәнінің I санатты мұғалімі, Асан Тайманов атындағы № 34 мектеп гимназиясы

Утепкалиев С.У. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Хайруллина Р.Г. – математика пәнінің мұғалімі, №12 жалпы орта білім беретін мектеп

Химеденова З.М. - оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

Шуйншкалиева Г.С. – оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚМУ

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ - ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС - ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

I СЕКЦИЯ

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ МАТЕМАТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ И ПРИКЛАДНОЙ МАТЕМАТИКИ

II СЕКЦИЯ

ФИЗИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ

МАТЕМАТИЧЕСКОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ФИЗИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ

III СЕКЦИЯ

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В МАТЕМАТИКЕ, ФИЗИКЕ И ИНФОРМАТИКЕ

Физика-математика ғылымдарының докторы,
академик А.Д. ТАЙМАНОВТЫҢ 100 жылдығына арналған

«ТАЙМАНОВ ОҚУЛАРЫ - 2017»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

25 қазан 2017 ж.

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«*ТАЙМАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ-2017*»,

посвященной 100 - летию доктора физико-математических наук, академика
А.Д.ТАЙМАНОВА

Жауапты редакторы
Ответственный редактор Кужалиева Р. Р.

Компьютерде беттеген және дизайн
Компьютерная верстка и дизайн Тугжанова А.Т.

Техникалық редакторлар
Технические редакторы Сахметова С. К.
Кубегенова Г. К.
Есимгалиева Ж. З.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Көлемі 24,1 б.т. Таралымы 300 дана. Офсет қағазы.
Тапсырыс № 32

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің
Редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.